  - Ілмекті сомынды қолмен тартыңыз. Құрал-саймандарды қолданбаңыз.
3. Егер фтор қабатты аралық қабаттар қолданылса, ілмекті сомындарды 2-5 жұмыс сағатынан кейін тартып бекітіңіз.
4. Құбыршекке (4) құбыршектік қамытты кигізіңіз.
5. Құбыршекті (4) құбыршекке арналған келтеқосқышқа (1) қойыңыз және құбыршектік қамытты (3) тартып бекітіңіз (7-сур. қар.)
6. Деаэрациялық құбыршекті тиісті қосылысқа (3-сур. қар., айқ. 12) бекітіңіз және оны жарамды контейнерге немесе құрамалы тұғырыққа түсіріңіз.



7-сур. Құбыршектік гидравликалық қосылыс


### Құбыр желілерінің қосылысы, U3U3 түрі

Қосылу түрлері жөніндегі толығырақ мәлімет алу үшін 4.2 *Шартты әделкі белгі* бөлімін қар.

1. Жүйедегі қысымның тасталғанына көз жеткізіңіз.
2. Түтікке (3) ілмекті сомынды (8-сур. қар.) кигізіңіз.


TM06 7052 2916

3. ПВХ жасалған құбыр желілері үшін:  
Түтіккі (3) адапторға (1) түтіктерді дайындаушының сипаттамасына сәйкес жабыстырыңыз.
4. ПВХ жасалған құбыр желілері үшін:  
Түтікке (3) адаптормен (1) бірге түтіктерді дайындаушының сипаттамасына сәйкес дәнекерлеу жүргізіңіз.
5. Келтеқосқышты ілмекті сомынмен (2) шығару және енгізу клапанына орнатыңыз.
  - Клапанның аралық төсемі дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
  - Ілмекті сомынды қолмен тартыңыз. Құрал-саймандарды қолданбаңыз.
6. Егер фтор қабатты аралық қабаттар қолданылса, ілмекті сомындарды 2-5 жұмыс сағатынан кейін тартып бекітіңіз.
7. Деаэрациялық құбыршекті тиісті қосылысқа (3-сур. қар., айқ. 12) бекітіңіз және оны жарамды контейнерге немесе құрамалы тұғырыққа түсіріңіз.




TM06 7300 3216

9-сур. Гидравликалық қосылыс, А7А7 түрі



TM06 7376 3216

10-сур. Гидравликалық қосылыс, А1А1, А3А3 түрі



TM06 7299 3216

8-сур. Жабыстыру (дәнекерлеу) бойынша гидравликалық қосылулар

### Құбыр желілерінің қосылуы, А1А1, А3А3, А7А7 түрі

Қосылу түрлері жөніндегі толығырақ мәлімет алу үшін 4.2 Шартты әдепкі белгі бөлімін қар.

1. Жүйедегі қысымның тасталғанына көз жеткізіңіз.
2. Түтікке (3) ілмекті сомынды (2) кигізіңіз.
3. Қолайлы тығыздағыш материалды төлкенің резьбасына (1) қаптаңыз.
4. Төлкені (1) түтіктің бүйіріне (3) тартып бекітіңіз.
5. Келтеқосқышты ілмекті сомынмен (2) шығару және енгізу клапанына орнатыңыз.
  - Клапанның аралық төсемі дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.
  - Ілмекті сомынды қолмен тартыңыз. Құрал-саймандарды қолданбаңыз.
6. Егер фтор қабатты аралық қабаттар қолданылса, ілмекті сомындарды 2-5 жұмыс сағатынан кейін тартып бекітіңіз.
7. Деаэрациялық құбыршекті тиісті қосылысқа (3-сур. қар., айқ. 12) бекітіңіз және оны жарамды контейнерге немесе құрамалы тұғырыққа түсіріңіз.

## 9. Электр жабдықты қосу

Желілік штепсель сорғыны электр қуат беру желісінен бөлектейді.

Барлық электр қосылыстары жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес білікті электрші арқылы орнатылулары қажет.

Сорғы қуат беру көзіне қосылуы кезінде автоматты түрде іске қосылуы мүмкін.

### Автоматты іске қосылу Жеңіл және орта деңгейді жарақат

**Назар аударыңыз**  
- Электр қуат беруге қосудың алдында сорғының дұрыс орнатылғанына және іске қосуға дайын екендігіне көз жеткізу қажет.


Корпустың қорғаныс деңгейіне (IP65/Nema 4X) тек тығындар немесе бітеуіштер дұрыс орнатылған жағдайда ғана кепіл беріле алады.

Желілік штепселмен немесе кабельмен қандай да болмасын қулықтарды жүргізуге тыйым салынады.

Сорғының атаулы кернеуі жергілікті шарттарға сәйкес болуы керек. 4.1 Фирмалық тақтайша бөлімін қар.

Сигналдардың қосылымы

**Ескерту**  
**Электр тоғымен зақымдалу**  
**Өлім немесе ауыр жарақат**  
**- Сорғы кірістері арқылы қосылған**  
**сыртқы құрылғылардың электр**  
**тізбектері, қосарланған немесе**  
**күшейтілген оқшаулаудың**  
**көмегімен қорғалған болулары**  
**керек!**




TM06 7064 3216

11-сур. Электр қосылыстардың схемасы

Белгілеу	Тағайындалуы	Түйіспе нөмірі/сымның түсі				
	Аналогтік	1/қоңыр	2/ақ	3/көк	4/қара	
	Сыртқы тоқтату	Жер/(-) mA	(+) mA		X	
	Импульс	Жер				X
	Төмен деңгей	1	2	3	4	
	Босату	X	X	Жер	Жер	
	Аналогтік шығыс	1/қоңыр	2/ақ	3/көк	4/қара	5/сары-жасыл
					(+) mA	Жер/(-) mA
	GENibus	1/қоңыр	2/ақ	3/көк	4/қара	5/сары-жасыл
			RS-485 A	RS-485 B		Жер
	1 реле	X			X	
	2 реле		X	X		




«FlowControl» (DDA-FCM) сигналының қосылуы



TM06 7060 3716

12-сур. FlowControl сигналының қосылуы

ДРМ сигналының қосылуы (қосымша DDA-AR үшін)



TM06 7256 3716

13-сур. ДРМ сигналының қосылуы

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар өндіруші зауытта қабылдау-тапсыру сынақтарынан өтеді. Орнату орнында қосымша сынақтар талап етілмейді.

10.1 Сорғыны іске қосуға дайындау

*Химиялық әсер ету қаупі  
Жеңіл және орта деңгейді жарақат  
- Мөлшерленуші ортаға қатысты материалдардың қауіпсіздік төлқұжатының талаптарын сақтаңыз.*

Назар аударыңыз

*- Мөлшерлегіш бастиекпен, қосылыстармен немесе құбыр желілерімен жұмыс жасау кезінде жеке қорғаныс құралдарын (қолғаптар мен көзілдіріктер) қолданыңыз.*

*- Барлық химреагенттерді олардың қызметкерлерге немесе қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей етіп жинаңыз немесе кәдеге жаратыңыз.*

Назар аударыңыз

Сорғы қуат беру көзіне қосылуы кезінде автоматты түрде іске қосылуы мүмкін.

*Автоматты іске қосылу  
Жеңіл және орта деңгейді жарақат  
- Электр қуат беруге қосудың алдында сорғының дұрыс орнатылғанына және іске қосуға дайын екендігіне көз жеткізу қажет.*

Назар аударыңыз

*Ескерту  
Мөлшерлегіш бастиектің бұрандаларын динамометрлік кілттің көмегімен іске қосудың алдында және мөлшерлегіш бастиектің әрбір шешілуінен кейін тартып бекітіп отырыңыз. 48 сағат бойы жұмыс істегеннен кейін мөлшерлегіш бастиектің бұрандамаларын динамометрлік кілттің көмегімен қайтадан тартып бекітіңіз.  
Ұзаққа созылу сәтi [Нм]: 6 (+ 1).*



- Сорғының электр қосылымы білікті қызметкерлер арқылы орындалуы керек.
- Фирмалық тактайшада көрсетілген қуат беру кернеуінің жергілікті шарттарға сәйкес келетіндіктеріне көз жеткізу қажет.
- Құбыр желілерінің немесе құбыршектердің барлық қосылыстарының лайықты түрде тартылғандығына көз жеткізіңіз немесе, қажет болған жағдайда оларды тартыңыз.  
8.2 Гидравликалық қосылыстар бөлімін қар.

10.2 Сорғыны іске қосу


1. 10.1 Сорғыны іске қосуға дайындау бөлімін қар.
2. Қуат беру блогын қосыңыз.
3. Келесі бөлімдерге сәйкес іс-әрекеттерді орындаңыз:
  - 10.3 Тілді теңшеулер
  - 10.4 Сорғыдан ауаны шығару
  - 10.5 Сорғыны калибрлеу.

### 10.3 Тілді теңшеулер


Басқарушы элементтердің сипаттамасын

11. Пайдалану бөлімінен қараңыз.


1. Тегершіктің символы пайда болғандай басқару доңғалағын бұраңыз.




2. «Setup» мәзірін ашу үшін басқару доңғалағына басыңыз.



3. «Language» мәзірін белгілеу үшін басқару доңғалағына басыңыз.




4. «Language» мәзірін ашу үшін басқару доңғалағына басыңыз.



5. Қажетті тілді таңдау үшін басқару доңғалағына басыңыз.



6. Белгіленген тілді таңдау үшін доңғалаққа басыңыз.



7. «Confirm settings?» мәзірін растау үшін доңғалаққа қайта басыңыз және таңдалғанды қолданыңыз.



## 10.4 Сорғыдан ауаны шығару

- 10.1 Сорғыны іске қосуға дайындау бөлімін қар.
- Деаэрациялық клапанды шамамен жартылай айналымға ашыңыз.



**Қысыммен мөлшерленуші орта  
Өлім немесе ауыр жарақат  
- Деаэрациялық клапанды толық  
айналымнан артық ашпаңыз.**

- [100 %] түймесін басыңыз және деаэрациялық құбыршектен сұйықтық тоқтаусыз және көбіктерсіз шыққанша дейін ұстап тұрыңыз.
- Деаэрациялық клапанды жабыңыз.

[100 %] түймесін басыңыз және процестің ұзақтығын 300 секундқа дейін арттыру үшін бір уақытта сағат тілі бойынша басқару доңғалағын бұраңыз. Бұл түймеге секундты орнатқаннан кейін енді баспаңыз.

## 10.5 Сорғыны калибрлеу

Сорғыны калибрлеу зауытта тұтқырлығы сорғының максималды қысымға қарсылығы кезінде судың тұтқырлығына ұқсас ортада орындалады. 14.1 *Техникалық сипаттамалар* бөлімін қар.

Егер сорғы көрсетілген қысымға қарсылықтан өзгеше пайдаланылса немесе басқа тұтқырлықтағы сұйықтықты мөлшерлесе, оны калибрлеу қажет.

FCM басқару нұсқасымен сорғылар үшін қысымға қарсылық ауытқуға немесе тұрақсыздануы жағдайында егер «AutoFlowAdapt» атқарымы белсендірілген болса калибрлеу міндетті емес. 11.10 *ағынның автоматты бейімделуі (AutoFlowAdapt)* бөлімін қар.


Калибрлеу кезінде сорғы стандартты түрде минутына 100 жүрісті орындайды. Егер SlowMode атқарымы белсендірілсе жүрістердің саны өнімділігі 50 % кезінде 60-ты және өнімділігі 25 % кезінде 30-ды құрайтын болады.

### Талап


- Сорғының гидравликалық және электр жабдықтары қосылған. 8. *Механикалық бөліктерді құрастыру* бөлімін қар.
- Сорғы пайдалану шарттарында мөлшерлеу процесіне кіріктірілген.
- Мөлшерлегіш бастиек пен сорғыш құбыршек мөлшерленуші ортамен толтырылған.
- Ауа сорғыдан шығарылды.

### 10.5.1 Калибрлеу процесі - DDA 60-10 арналған мысал

1. Өлшеуіш стақанды мөлшерленуші ортамен толтырыңыз. Ұсынылған толтыру көлемдері  $V_1$ :
  - DDA 60-10: 2,5 л
  - DDA 120-7: 5 л
  - DDA 200-4: 8 л.




2. Толтыру көлемдерін белгілеңіз және толтырыңыз  $V_1$  (мысалы, 2,5 л).
3. Сорғыш стақанды өлшеуіш стақанға орналастырыңыз.




4. «Теңшеулер > Калибрлеу» мәзірінен калибрлеу процесін іске қосыңыз.




5. Сорғы 200 мөлшерлеу жүрісін орындайды және зауыттық калибрлеудің мәнін бейнелейді (мысалы, 1,05 л).



6. Өлшеуіш стақаннан сорғыш құбыршекті алып шығыңыз және қалған көлемді тексеріңіз  $V_2$  (мысалы, 1,39 л).



7.  $V_1$  және  $V_2$  негізге ала отырып, нақты мөлшерленуші көлемді есептеңіз  $V_d = V_1 - V_2$  (мысалы, 2,5 л - 1,39 л = 1,11 л).



8. Калибрлеу мәзірінен  $V_d$  көрсетіңіз және қолданыңыз.

- Сорғы калибрленді.




Фактический дозированный объем ←

## 11. Пайдалану

Пайдалану шарттары 14. *Техникалық сипаттамалар* бөлімінде келтірілген.

### 11.1 Басқару элементтері

Сорғының басқару панелі дисплеймен және келесідей басқару элементтерімен жабдықталған.



TM06 7063 3316

14-сур. Басқару панелі

Айқ.	Сипаттама
1	Графикалық СК-дисплей.
2	«Қосу/тоқтату» түймесі: Сорғыны қосу және тоқтату түймесі.
3	Басқару доңғалағы: Басқару доңғалағы мезір бойынша жылжуға, теңшеулерді таңдауға және оларды растау үшін қолданылады. Басқару доңғалағын сағат тілі бойынша бұрау курсорды дисплейге сағат тілі бойынша белгілі қадаммен жылжытады. Басқару доңғалағын сағат тіліне қарсы бұрау курсорды дисплейге сағат тіліне қарсы белгілі қадаммен жылжытады.
4	«100 %» түймесі: Сорғы жұмыс режимінен тәуелсіз максималды шығынды өлшейді.

## 11.2 Дисплей мен символдар экранда

### 11.2.1 Навигация

«Ақпарат», «Апат» және «Теңшеулер» басты мезірінде опциялар мен ішкі мезірлер ашылушы жолдарда бейнеленеді. Алдыңғы деңгейдегі мезірге қайтып оралу үшін «Арқа» символын қолданыңыз. Дисплейдің оң жақ шетіндегі айналдыру сызығы, мезірде бейнеленбеген қосымша элементтердің бар екендігін көрсетеді. Курсордың ағымдық жағдайын көрсетуші белсенді символ жылтылдап тұрады. Өз таңдауыңызды растау және мезірдің келесі деңгейін ашу үшін басқару доңғалағына басыңыз. Белсенді басты мезір мәтін түрінде бейнеленеді, қалған басты мезірлер келесі ретінде бейнеленеді. Ішкі мезірде курсордың орналасуы қарамен ерекшеленеді.

Егер сіз курсорды шамаға дәлденіз және басқару доңғалағына басыңыз, бұл шама ерекшеленеді. Басқару доңғалағын сағат тілі бойынша айналдыру кезінде шама артады, ал сағат тіліне қарсы айналдыруда - кемиді. Басқару доңғалағына басу кезінде курсор қайтадан белсендіріледі.

### 11.2.2 Жұмыс жағдайы

Сорғының жұмыс жағдайы символмен және дисплейдің түсімен бейнеленеді.

Дисплей	Ақау-тар	Жұмыс жағдайы		
Ақ	-	Тоқтату ■	Күту 	
Жасыл	-			Жұмыс істеуде ▶
Сары	Ескерту	Тоқтату ■	Күту 	Жұмыс істеуде ▶
Қызыл	Апат	Тоқтату ■	Күту 	


### 11.2.3 Ұйқыдағы режим (энергия үнемдеуіш)

Егер 30 секундтың ішінде «Жұмыс» басты режимінде ешқандай сорғыны басқару атқарымы таңдалмайды, бұл тақырыпат жоғалатын болады. Екі минуттан кейін дисплейдегі кескін жарықтығы кемитін болады.

Егер басқа кез келген мезірінде сорғы екі минуттың ішінде пайдаланылмаса, дисплей «Жұмыс» басты режиміне ауысады және дисплейдегі кескін жарықтығы кемитін болады. Бұл жағдай сорғы жұмыс істеп тұрғанда немесе ақаулықтар орын алған кезде доғарылады.

### 11.2.4 Дисплейдегі символдарға шолу

Мәзірде келесі символдар пайда болуы мүмкін.



15-сур. Дисплейдегі символдарға шолу

### 11.3 Басты мәзір

Басты мәзір дисплейдегі жоғарғы бөлігінде символдар түрінде бейнеленеді. Белсенді басты мәзір мәтін түрінде бейнеленеді.

#### 11.3.1 Жұмыс


«Жұмыс» басты режимінде жағдай жөніндегі ақпарат бейнеленеді, мысалы, мөлшерлеу шығыны, таңдалған жұмыс режимі және жұмыс жағдайы.



TM06 7069 2916

#### 11.3.2 Ақпарат

Басты мәзірдегі «i» - «Ақпарат» символынан күн, уақыты және белсенді мөлшерлеу процесі, түрлі есептеуіштер, өнім жөніндегі деректер және сервистік жүйенің жағдайы жөніндегі ақпараттарды табуға болады. Бұл ақпараттарға қолжетімділікті жұмыс уақытында алуға болады. Бұдан сонымен қатар сервистік жүйені бастапқы қалпына қайтаруға болады.



TM06 7071 2916

### Есептеуіштер

«Ақпарат» Есептеуіштер» мәзірі келесі есептеуіштерден тұрады:

Есептеуіштер	Тастау
<b>Көлем</b> [л] немесе галлондардағы жалпы мөлшерленген көлем	Ия
<b>Пайд-ну сағаттары</b> Жұмыс сағаттарының жиынтық саны (сорғы іске қосылу кезінде) [с]	Жоқ
<b>Қозғ.жарам.</b> Қозғалтқыш жұмысының жиынтық уақыты [с]	Жоқ
<b>Жүрістер</b> Мөлшерлеу жүрістерінің жалпы саны	Жоқ
<b>Қосу/ажыр</b> Желілік кернеудің жалпы қосылу жиілігі	Жоқ



#### 11.3.3 Апат

«Апат» басты мәзірінен қателіктерді қарап шығуға болады.



TM06 7072 2916

Ескертулер мен апаттық сигналдар (10 данаға дейін) олардың күні, уақыты мен себептері көрсетілумен хронологиялық тәртіпте саналады. Егер тізбе толып қалса, ең ескі жазба жойылатын болады және жаңа жазба пайда болады, *15. Ақаулықтарды табу және жою* бөлімін қар.

### 11.3.4 Теңшеулер

«Теңшеулер» басты мәзірі сорғыны конфигурациялауға арналған мәзірден тұрады. Бұл мәзірлер келесі бөлімдерде сипатталады.

«Теңшеулер» мәзіріндегі кез келген өзгертулерден кейін сорғының барлық теңшеулерін тексеріңіз.

Настройка		Бөлімін
Язык	Русский >	10.3
Режим	Имп. >	11.4
Память импульсов*	<input type="checkbox"/>	11.4.2
Аналоговая шкала	<input type="checkbox"/>	11.4.3
Объём партии*	35.0 l	11.4.4
Время доз.[mm:ss]*	46:30	11.4.4
Цикл таймера доз.*	>	11.4.5
Нед.таймер доз.*	>	11.4.6
Аналог.выход	Расход >	11.5
SlowMode	Выкл. >	11.6
FlowControl активен*	<input type="checkbox"/>	11.7
FlowControl*	>	11.7
Контроль давления*	>	11.8
AutoFlowAdapt*	<input type="checkbox"/>	11.10
Авто-деаэрация	<input type="checkbox"/>	11.11
Калибровка	>	11.5
Мембрана протекает*	<input type="checkbox"/>	11.12
Блок-ка	Выкл. >	11.13
Дисплей	>	11.14
Время+дата	>	11.15
Шина	>	11.16
Входы/Выходы	>	11.17
Осн.настройки	>	11.18

\* Ішкі мәзірдің деректері тек белгілі теңшеулер және әдепкі қалып бойынша басқару нұсқалары үшін ғана бейнеленеді. «Теңшеулер» мәзірінің мазмұны сонымен бірге жұмыс режиміне байланысты болады.

### 11.4 Пайдалану режимдері

«Теңшеулер > Режим» мәзірінде алты түрлі жұмыс режимдерін орнатуға болады.

- Қолмен басқару, 11.4.1 бөлімін қар.
- Импульстік, 11.4.2 бөлімін қар.
- Аналогтік, 0-20 мА, 11.4.3 бөлімін қар. Аналогтік 4-20 мА, 11.4.3 бөлімін қар.
- Топтама (имп.бойынша), 11.4.4 бөлімін қар.
- Мөл. таймерінің циклі, 11.4.5 бөлімін қар.
- Апт.мөл.таймері, 11.4.6 бөлімін қар.

#### 11.4.1 Қолмен басқару

Аталған жұмыс режимінде сорғы әрдайым басқару доңғалағы арқылы орнатылған шығынмен мөлшерлейді. Мөлшерлеу шығыны «Жұмыс» мәзірінде с/л немесе с/мл көрсетіледі. Сорғы өлшем бірліктерінің арасынан автоматты түрде таңдайды. Балама ретінде дисплейді американдық бірліктермен (с/гал) кезекші режимге ауыстыруға болады. 11.14 Дисплейді теңшеу бөлімін қар.



16-сур. «Қолмен басқару» бөлімін қар.

Теңшеулер ауқымы сорғы түріне байланысты болады:

Түрі	Теңшеулер ауқымы*	
	[с/л]	[гал/с]
DDA 60-10	0,075 - 60	0,02 - 15
DDA 120-7	0,15 - 120	0,04 - 32
DDA 200-4	0,25 - 200	0,065 - 52

\* Егер SlowMode атқарымы белсенді болса, шығын максималдыға қарағанда азаятын болады, 14.1 Техникалық сипаттамалар бөлімін қар.

TM06 7075 2916

TM06 7077 2916




### 11.4.2 Импульстік режим

Аталған жұмыс режимінде сорғы нөлдік әлеуетпен әрбір кіріс импульске орнатылған көлемді айдайды, мәселен, шығын өлшегіштен. Сорғы автоматты түрде әрбір импульске орнатылған көлемде мөлшерлеу үшін оңтайлы жүріс жиілігін есептейді.

Есептеу келесі деректерге негізделеді:

- сыртқы импульстердің жиілігі;
- импульске берілген көлем.



TM06 7078 2916

#### 17-сур. Импульстік режим

Әрбір импульске берілетін көлем, «Жұмыс» мезірі арқылы басқару доңғалғына берілетін мл/импульсте беріледі. Мөлшерлеу көлемінің теңшеулер ауқымы сорғы түріне байланысты болады:

Түрі	Теңшеулер ауқымы (мл/импульс)
DDA 60-10	0,0111 - 111
DDA 120-7	0,0232 - 232
DDA 200-4	0,0386 - 386

Импульстердің түсу жиілігі мөлшерлеудің орнатылған көлемінің шамасына көбейтілетін болады. Егер сорғы максималды мөлшерлеу өнімділігі кезінде жұмыс істейтін мөлшерге қарағанда көптеу импульстер алатын болса, ол тұрақты режимде максималды жүрістер жиілігімен жұмыс істейтін болады.

Егер жады атқарымы белсендірілген болмаса артық импульстер еленбейтін болады.

#### Жады атқарымы

Егер «Теңшеулер > Импульстердің жадысы» атқарымы қосылған болса ары қарай өңдеу үшін 65.000-ға дейін өңделмеген импульстерді сақтауға болады.



**Сақталған импульстерді одан әрі өңдеу шоғырланудың жергілікті артуының себебіне айналуы мүмкін!**

Жады ішіндегілер келесі жағдайларда жойылады:


- қуат беруді ажырату,
- жұмыс режимін ауыстыру,
- жұмыстың тоқтау (мыс., апат жағдайында, Сыртқы тоқтау).

### 11.4.3 Аналогтік режим 0/4-20 мА

Аталған жұмыс режимінде сорғы сыртқы аналогтік сигналға сәйкес мөлшерлейді. Мөлшерлеу шығыны сигналдың кіріс шамасына мА-да тепе-тең.


Жұмыс режимі	Кіріс мән [мА]	Мөлшерлеу шығыны [%]
4 - 20 мА	≤ 4,1	0
	≥ 19,8	100
0 - 20 мА	≤ 0,1	0
	≥ 19,8	100

Егер кіріс шамасы 4-20 мА сигнал режимінде 2 мА-ден төмендеп кетсе, дисплейде апаттық сигнал пайда болады және сорғы тоқтайды. Кабельдің бүлінуі немесе датчиктегі қателік, Дисплейде «Сигналдар мен қателіктер дисплейі» өрісінде «Кабельдің бүлінуі» символы пайда болады.



TM06 7079 2916

#### 18-сур. Аналогтік сигналды масштабтау



TM06 7080 2916

#### 19-сур. Аналогтік жұмыс режимі

#### Аналогтік сигналды масштабтау теңшеулері


Аналогтік сигналды масштабтау теңшеулері тоқ кіріс мәнінің белгілі мөлшерлеу шығынына бекітілуімен байланысты болады.

Аналогтік сигналды масштабтау сонымен бірге аналогтік шығыс сигналына да әсерін тигізеді.

**11.5 Аналогтік шығыс бөлімін қар.**  
Масштабтау екі тіреу нүктелері бойынша жүргізіледі (I1/Q1) және (I2/Q2), олар «Теңшеулер > Аналогтік меже» мезірінде беріледі. Мөлшерлеу шығыны аталған қондырғыға сәйкес реттеледі.

**1 мысал (DDA 60 - 10)**

Қолайлы еңкею бұрышымен масштабтау:



TM06 7081 3216

TM06 7083 2916


**20-сур.** Аналогтік сигналды қолайлы еңкею бұрышымен масштабтау

1 мысалда  $I_1 = 6 \text{ mA}$ ,  $Q_1 = 20 \text{ c/л}$  және  $I_2 = 16 \text{ mA}$ ,  $Q_2 = 60 \text{ c/л}$  тіреу нүктелері берілген.

0-ден 6 мА-ға дейінгі масштабтау кестесі  $Q = 0 \text{ c/л}$  көлденең желімен сипатталады, 6 мА мен 16 мА арасында ол 20 c/л-ден 60 c/л-ге дейін пропорционал өседі; 16 мА-дан жоғары - желі көлденең және  $Q = 60 \text{ c/л}$  сәйкес болады.

**2 мысал (DDA 60 - 10)**

Аналогтік сигналды теріс еңкею бұрышымен масштабтау (жұмыс режимі 0-20 мА);



TM06 7082 3216

TM06 7085 2916

**21-сур.** Аналогтік сигналды теріс еңкею бұрышымен масштабтау


1 мысалда  $I_1 = 2 \text{ mA}$ ,  $Q_1 = 60 \text{ c/л}$  және  $I_2 = 16 \text{ mA}$ ,  $Q_2 = 18 \text{ c/л}$  тіреу нүктелері берілген.

0-ден 2 мА-ға дейінгі масштабтау кестесі  $Q = 0 \text{ c/л}$  көлденең желімен сипатталады, 2 мА мен 16 мА арасында ол 60 c/л-ден 18 c/л-ге дейін пропорционал түседі; 16 мА-дан жоғары - желі көлденең және  $Q = 18 \text{ c/л}$  сәйкес болады.

**«Жұмыс» режимінде аналогтік сигналды масштабтау теңшеулері**

Масштабтауды қауіпсіздікті сақтау жөніндегі ескертуден кейін Жұмыс («Жұмыс») мәзіріне тікелей түрлендіруге болады. Мөлшерлеу шығыны мысалы электр тоғының кіріс шамасына сәйкес өзгереді.


Өзгерудің сонымен бірге  $I_2/Q_2$  нүктесіне (22-сур. қар.) де тікелей әсер ететіндігіне назар аударыңыз.



**22-сур.** Масштабтау теңшеулері («Жұмыс» мәзірі)

**11.4.4 «Топтама» режимі**

Жұмыстың аталған режимі орнатылған уақыт кезеңінде ( $t_1$ ) берілген көлемнің топтамасын мөлшерлейді. Өрбір келіп түсуші импульспен жаңа топтама мөлшерленеді.




**23-сур.** Топтама (имп.бойынша)

Теңшеулер ауқымы сорғы түріне байланысты болады:

Түрі	Өрбір топтамаға арналған теңшеулер ауқымы		
	[мл]-дан	[л] - ға дейін	Рұқсат* [мл]
DDA 60-10	5,56	999	0,694
DDA 120-7	11,6	999	1,45
DDA 200-4	19,3	999	2,41

\* Қозғалтқыштың сандық басқаруының арқасында, сорғы жүрісіні көлемінен 1/8 дейінгі рұқсатпен көлемдерді мөлшерлеуге болады.

Топтамалардың көлемі (мысалы, 75,0 л) «Теңшеулер > Топтамалар көлемі» мәзірінде беріледі. Арттыруға болатын қажетті минималды мөлшерлеу уақыты бейнеленеді (мысалы, 1 сағат, 16 минут).



**24-сур.** «Топтама» режимі

TM06 7086 2916

Топтамаларды мөлшерлеу режимінде немесе тоқтату кезінде (мысалы, апат жағдайында, Сыртқы тоқтату) алынған сигналдар ескерілмейтін болады. Тоқтатқаннан кейін сорғыны қайта іске қосу жағдайында келесі топтама келесі кіріс импульстік сигнал бойынша мөлшерленеді.



TM06 7087 2916

**25-сур.** «Топтама» режимі

Дисплейде «Жұмыс» режимінде топтамалардың жалпы топтамасы (мысалы, 75 л) және мөлшерленуге тиісті топтамалардың қалдық көлемі (мысалы, 74,5 л) бейнеленеді.

**11.4.5 Мөлшерлеу таймерінің циклі**

Аталған жұмыс режимінде сорғы топтамалардың берілген көлемін тұрақты циклдермен мөлшерлейді. Мөлшерлеу сорғы іске қосудың бір мәрте бөтелуінен кейін іске қосылған кезде басталады. Топтамалар көлемінің теңшеулер ауқымы **11.4.4 «Топтама» режимі** бөлімінде берілгендерге ұқсас болады.


**Ескерту**

*«Уақыт+күн» мәзірінде уақыт немесе күн өзгерген кезде, мөлшерлеу мен реленің (2 реле) шығыс атқарымдары таймермен басқару режимінде ажыратылады!*



*Мөлшерлеу мен реленің шығыс атқарымдарын таймермен басқару режиміне бірден қайтадан қосу талап етіледі!*

*Уақыттың немесе күннің өзгеруі шоғырланудың артуына немесе кемуіне әкеліп соқтыруы мүмкін!*




TM06 7089 2916

**26-сур.** Мөлшерлеу таймері циклінің схемасы

t <sub>1</sub>	Мөл. уақыты.
t <sub>2</sub>	Бөгел.қосу
t <sub>3</sub>	Уақыт циклі

Тоқтату кезінде (мысалы, желі кернеуіндегі іркілістерден, Сыртқы тоқтатудан) мөлшерлеу уақыт тоқтауысыз тоқтатылатын болады. Тоқтатудан кейін сорғы уақыт остеріне нақты жағдайына сәйкес мөлшерлеуді жалғастырады. «Теңшеулер > Мөл. таймерінің циклі» мәзіріне келесі теңшеулер талап етіледі:



TM06 7090 2916

**27-сур.** Мөл. таймерінің циклі

Топтамалардың көлемі (мысалы, 6,83 л) «Теңшеулер > Мөл.таймерінің циклі» мәзірінде беріледі.

Осы үшін өзгертуге болатын минималды қажеттілер (мысалы, 7:12) бейнеленеді.

Мөлшерленуге тиісті топтамалардың жалпы көлемі (мысалы, 6,83 л) және қалдық көлем «Жұмыс» мәзіріндегі дисплейде бейнеленеді. Үзілістер мен мөлшерлеу кезінде келесі мөлшерлеу процесіне дейінгі уақыт (мысалы, 11 секунд) бейнеленеді.



TM06 7091 2916

**28-сур.** Мөл. таймерінің циклі

**11.4.6 Апталық мөлшерлеу таймері**

Аталған жұмыс режимінде апта ішінде аптаның бір немесе бірнеше күнінде тұрақты жүзеге асырыла алатын 16 мөлшерлеу процестеріне дейін беріледі. Топтамалар көлемінің теңшеулер ауқымы **11.4.4 «Топтама» режимі** бөлімінде берілгендерге ұқсас болады.

*«Уақыт+күн» мәзірінде уақыт немесе күн өзгерген кезде, мөлшерлеу мен реленің (2 реле) шығыс атқарымдары таймермен басқару режимінде ажыратылады!*



*Мөлшерлеу мен реленің шығыс атқарымдарын таймермен басқару режиміне бірден қайтадан қосу талап етіледі!*

*Уақыттың немесе күннің өзгеруі шоғырланудың артуына немесе кемуіне әкеліп соқтыруы мүмкін!*





**Барлық режимдерде аналогтік шығыстың ауқымы 4-20 мА құрайды. Ерекшелік: Аналогтік шығыстың ауқымы 0-20 мА құрайтын 0-20 мА жұмыс режимі.**

### 11.6 Баяу режим (SlowMode)




Егер SlowMode атқарымы белсендірілсе, сорғы сору жүрісін баяулатады. Аталған атқарым «Теңшеулер > SlowMode» мәзірінде белсендіріледі және келесі жағдайларда кавитацияларды болдырмау үшін қолданылады:

- тұтқырлығы жоғарылау орталарды мөлшерлеу үшін,
- мөлшерленетін ортадан ауаны шығару үшін,
- ұзын сорғыш желілер үшін,
- сорудың үлкен биіктігі үшін.

«Теңшеулер > SlowMode» мәзірінде сору жүрістерінің жиілігін 50 %-ға немесе 25 %-ға дейін төмендетуге болады.



**SlowMode атқарымын қосудан сорғының максималды мөлшерлеу шығыны орнатылған пайыздық мәнге дейін төмендейді.**



33-сур. SlowMode мәзірі

TM06 7094 29 16

### 11.7 Ағынды бақылау (FlowControl)



DDA-FCM


басқару нұсқасына жатады.

Аталған атқарым мөлшерлеу процесін бақылау үшін жұмыс істейді. Сорғының түрлі факторлардың әсерлерімен, мысалы, ауа көпіршіктерінің, жұмыс істейтіндігіне қарамастан, шығынның төмендеуі немесе тіпті мөлшерлеудің тоқтап қалуы да мүмкін. Процесті оңтайлы қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін белсендірілген FlowControl атқарымы келесі қателіктер мен ауытқуларды анықтайды және көрсетеді:

- артық қысым;
- айдау желілерінің бүлінуі;
- мөлшерлеу камерасындағы ауа;
- кавитация;
- енгізу клапаны арқылы су ағу > 70 %;
- шығару клапаны арқылы су ағу > 70 %;

Ақаулықтардың пайда болуы дисплейде «көз» символымен бейнеленеді. Ақаулықтар «Апат» мәзірінде бейнеленеді. 15. Ақаулықты табу және жою бөлімін қар.

FlowControl атқарымы техқызметкерсетуді талап етпейтін датчикті мөлшерлегіш бастиекте қолданады. Мөлшерлеу кезінде датчик ағымдық қысымды өлшейді және өлшенген шаманы сорғыдағы микропроцессорге жіберіп отырады. Ағымдық мәндер мен мембрана қалпының негізінде (жүріс ұзындығы) ішкі индикаторлық диаграмма құрылады. Ағымдық индикаторлық диаграмманы есептелген оңтайлы индикаторлық диаграммамен синхрондау ауытқулардың себептерін сол сәтте ақ анықтауға мүмкіндік береді. Мөлшерлегіш бастиектегі ауа көпіршіктері, мысалы, айдау фазасын және жүріс көлемін төмендетеді (34-сур. қар.).



34-сур. Индикатор диаграммасы

Жүріс ұзақтығы

TM06 7097 2916

1	Қысу фазасы
2	Айдау фазасы
3	Кеңейту фазасы
4	Сорушы фаза

Дұрыс индикаторлық диаграмманы құру үшін келесі шарттарды сақтау керек:

- FlowControl атқарымы белсендірілуі керек
- сору жағы мен айда жағының арасындағы қысымның өзгеруі 2 бардан көптеу болуы керек;
- айдау фазасында тоқтатудың/кідірістің болмауы;
- қысым датчигі мен кабель лайықты түрде жұмыс істеуі керек:
- енгізу және шығару клапандардағы су ағу 50 %-дан аспауы керек.

Егер жоғарыда аталған шарттардың біреуі сақталмаса, индикаторлық диаграмманы бағалау мүмкін болмайды.

### Кідіріс

«Кідіріс» параметрі қателік жөніндегі хабарлама пайда болғанға дейін уақыт кезеңін анықтау үшін қолданылады: «қысқа», «орта» немесе «ұзын».

Кідіріс орнатылған мөлшерлеу шығынына байланысты болады және сондықтан жүрістер мен уақыттың негізінде өлшене алмайды.

### Ауа көпіршіктері

FlowControl атқарымы көпіршіктердің жүріс көлемінен 60 % асып кеткен кезін анықтайды. «Ауа көпіршіктері» ескерту күйінің ажыратылуынан кейін сорғы жүріс жиілігін жүрістердің максималды жиілігінің шамамен 30-40 % деңгейіне дейін теңшейді және электрлі қозғалтқыштың арнайы жетек алгоритмін іске қосады. Жүріс жиіліктерін реттеу ауа көпіршіктеріне енгізу клапанынан шығару клапанына дейін көтерілуіне мүмкіндік береді. Электрлі қозғалтқыштың арнайы жетек алгоритмінің арқасында ауа көпіршіктері мөлшерлегіш бастиектен айдау желісіне жылжытылады.

Егер максимум 60 жүріс сайын ауа көпіршіктері шығарылмайтын болса, сорғы электрлі қозғалтқыштың қалыпты жетек алгоритміне қайтып оралады.

## 11.8 Қысымды бақылау

### DDA-FCM

*басқару нұсқасына жатады.*

Басқару датчигі мөлшерлегіш бастиектегі қысымды бақылайды. Айдау фазасы кезінде қысым 2 бардан төмендеп кетсе, ескерту (сорғы жұмыс істеуін жалғастырады) пайда болады. Егер «Теңшеулер > Қысымды бақылау» мәзірінде «Мин.қысым сигналы» атқарымы белсендірілсе, тиісті апаттық сигнал пайда болады және сорғы тоқтатылатын болады.

Егер қысым «Теңшеулер > Қысымды бақылау» мәзірінде берілген «Макс.қысымнан» артып кетсе, сорғы ажыратылады, күту жағдайына ауысады, және апатты индикациялау пайда болады.



**Сорғы қысымға қарсылық «Макс. қысымнан» төмендеген кезде қайтадан іске қосылады!**

### 11.8.1 Қысым теңшеулерінің ауқымдары

Түрі	Тиянақталған		Теңшелетін	
	мин.қысым	макс.қысым	мин.қысым	макс.қысым
	[бар]	[фунт/шар. дюйм]	[бар]	[фунт/шар. дюйм]
DDA 60-10	< 2	< 29	3-11	44-165
DDA 120-7	< 2	< 29	3-8	44-115
DDA 200-4	< 2	< 29	3-5	44-73



**Мөлшерлегіш бастиекте өлшенген қысым, жүйедегі нақты қысымнан біршама жоғарылау. Сондықтан «Макс.қысым» кем дегенде жүйедегі қысымнан 1 барға жоғарылау орнатылуы керек.**

### 11.8.2 Қысым датчигін калибрлеу


Қысым датчигін калибрлеу дайындаушы-зауытта орындалады. Өдетте, қайталап калибрлеу талап етілмейді. Егер ерекше шарттар (мысалы, қысым датчигін алмастыру, сорғының орналасу орнындағы ауа қысымының шекті мәні) калибрлеу жүргізуді талап етсе, датчикті келесі түрде калибрлеуге болады:

1. Сорғыны «Тоқтату» жұмыс жағдайына орнатыңыз.
2. Қысымды шығарығыз және жүйені жуыңыз.
3. Сорғыш құбыр желісін және енгізу клапанына демонтаж жүргізіңіз.

**Калибрлеуді орнатылған енгізу клапанымен орындау қате нәтижелерді береді және жазатайым уақиғалар мен жабдықтың бүліну себебіне айналуы мүмкін! Егер тек техникалық негіздеме болған жағдайда ғана калибрлеуді орындаңыз!**



4. Калибрлеу үшін келесілерді орындаңыз:



Егер калибрлеу мүмкін болмаса, ашалық қосылыстарды, кабель мен датчикті тексеріңіз, және қажет болған жағдайда, ақаулы бөлшектерді алмастырыңыз.

## 11.9 Шығынды өлшеу

DDA-FCM басқару нұсқасына жатқызылады.

Сорғы нақты шығынды өлшейді және оны бейнелейді. 0/4-20 mA аналогтік шығыс арқылы нақты шығынның сигналы қосымша өлшеу жабдығысыз процесті кез келген басқару жүйесіне біріктіруге болады. 11.5 Аналогтік шығыс бөлімін қар.

Шығынды өлшеу бөлімде сипатталғандай индикаторлық диаграммада негізделген.

11.7 Ағынды бақылау (FlowControl). Жүріс жиіліктеріне көбейтілген айдау фазасының жиынтық ұзындығы бейнеленетін нақты шығынды береді. Қателіктер, мысалы, ауа көпіршіктері немесе тым төмен қысымға қарсылық, нақты шығынның төмендеуіне немесе артуына әкеліп соқтырады. Егер «AutoFlowAdapt» атқарымы белсендірілген болса (11.10 Ағынның автоматты бейімделуі (AutoFlowAdapt) бөлімін қар.), сорғы аталған факторларды жүріс жиіліктерін түзетумен өтейді.

Талдау жасауға болмайтын жүрістер (толық емес жүрістер, қысымның тым төмен түсіп кетуі), орнатылған мәнге неізделе отырып, алдын-ала есептеледі. Олар дисплейде бейнеленеді.

## 11.10 Ағынның автоматты бейімделуі (AutoFlowAdapt)

DDA-FCM басқару нұсқасына жатқызылады.

«AutoFlowAdapt атқарымы «Теңшеулер» мәзірінде белсендіріледі. Ол берілген талап етілетін шығынды тұрақты қолдау үшін түрлі параметрлердегі өзгерістерді анықтайды және тиісті түрде реттейді.

«AutoFlowAdapt» атқарымын белсендіру кезінде мөлшерлеу дәлдігі артады.

Бұл атқарым деректерді қысым датчигінен мөлшерлегіш бастиекке өңдейді. Датчик арқылы анықталған қателіктер бағдарламамен өңделеді. Сорғы тез арада әрекет етеді және, жұмыс режимінен тәуелсіз жүріс жиіліктерін түзетеді немесе қажет болған жағдайда ауытқуларды тиісті индикаторлық диаграммамен өтейді.

Егер түзету талап етілетін шығынға жетуге мүмкіндік бермесе, ескерту пайда болады. «AutoFlowAdapt» келесі атқарымдардың негізінде әрекет етеді:

- FlowControl: жұмыстағы тоқтауларды анықтау. 11.7 Ағынды бақылау (FlowControl) бөлімін қар.
- Қысымды бақылау: қысым ауытқуларын анықтау. 11.8 Қысымды бақылау бөлімін қар.
- Шығынды өлшеу: талап етілетін ауытқуларды анықтау. 11.9 Шығынды өлшеу бөлімін қар.

«AutoFlowAdapt» мысалы

Қысымдардың ауытқуы

Қысымға қарсылықтың артуымен мөлшерлеу көлемі төмендейді, және керісінше егер қысымға қарсылық артса, мөлшерлеу көлемі артатын болады.

«AutoFlowAdapt» атқарымы қысымның ауытқуларын анықтайды және жүріс жиіліктерінің түзетуін реттейді. Нақты шығын, осылайша, тұрақты деңгейде қолдалады.

## 11.11 Авто-деаэрация

Газ шығарушы орталарды айдау кезінде мөлшерлеудегі үзіліс кезінде мөлшерлегіш бастиекте ауа қалталары пайда болуы мүмкін. Бұл қайта іске қосу кезінде мөлшерледің жүргізілмеуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

«Теңшеулер > Авто-деаэрация» атқарымы автоматты түрде ауаны тұрақты аралықтармен шығарады. Бағдарлама арқылы реттелетін мембраналарды жылжыту кезінде, барлық көпіршіктер көтеріледі және енгізу клапанына жиналады, ал сосын сорғыдан келесі мөлшерлеу жүрісімен шығарылады.

Атқарым келесі жағдайларда әрекет етеді:

- сорғы «Тоқтату» режимінде болмаған кезде,
- мөлшерлеудегі үзілістер кезінде (Сыртқы тоқтату, келіп түсуші импульстердің жоқ кезінде және т.б.).

Газдардың аздаған мөлшері арынды желіге мембрананың жылжуымен итеріледі. Бірақ бұл күшті газ шығарушы орталарды мөлшерлеу кезінде мүлдем мүмкін емес.

### 11.12 Мембранадан су ағуда

*DDA-AR басқару нұсқасына жатқызылады.*

Аталған атқарым тек сорғы су ағуды анықтауға арналған арнайы мөлшерлегіш бастиекпен жабдықталғанда ғана қолжетімді болады.

Бөлімді қар. 4.2 *Шартты әделкі белгі.*

«Мембранадан су ағуда» атқарымы «Теңшеулер» мәзірінде белсендіреді. Ол мембранадан су ағуды анықтайды. Су аққан кезде сорғы ажыратылады және апаттық сигнал пайда болады.

Сонымен қатар келесі бөлімдерді де қар.

- 1.12.1 *Мембрананың бұзылу датчигі*
- 11.2.4 *Дисплейдегі символдарға шолу*
- 15.1 *Ақаулықтардың тізбесі*

### 11.13 Бұғаттау

Түймелердің бұғатталуы төрттаңбалы кодты енгізумен «Теңшеулер > Бұғ-тау» мәзірі арқылы орнатылады. Бұғаттау сорғыны теңшеулердегі өзгерістерден қорғайды. Түймелерді бұғаттаудың екі деңгейінің біреуін таңдауға болады:

Деңгей	Сипаттама
Теңшеулер	Барлық теңшеулерді кодты енгізгеннен кейін өзгертуге болады. «Қосу/тоқтату» және «100 %» түймесі бұғатталмайды.
Теңшеулер + клавиштер	«Қосу/тоқтату» және «100 %» түймесі, сонымен қатар барлық теңшеулер бұғатталған.

«Апат» және «Инфо» басты мәзірі бойынша жылжу және апаттық сигналдарды тастау мүмкіндігі сақталатын болады.

#### 11.13.1 Уақытша деактивациялау

Егер «Бұғ-тау» атқарымы активсіздендірілген болса, бірақ сол ретте теңшеулерді жаңалау қажет болғанда, түймелерді деактивациялау кодын теру арқылы уақытша бұғаттауға болады. Егер кодты 10 секундтың ішінде термесе, дисплей автоматты түрде «Жұмыс» басты мәзіріне ауысады. Түймелердің бұғатталуы белсенді күйде қалатын болады.

#### 11.13.2 Деактивациялау

Түймелердің бұғатталуын «Теңшеулер > Бұғ-тау» мәзірінде Ажыр. мәзірі тармағын таңдау арқылы активсіздендіруге болады.

Түймелердің бұғатталуы «2583» жалпы кодын немесе алдын-ала берілген қолданушылық кодты теруден кейін активсіздендіреді.



### 11.14 Дисплейдің теңшеулері

Дисплейді теңшеу үшін, «Теңшеулер > Дисплей» мәзіріндегі келесі орнатуларды қолданыңыз:

- Бірліктер (метрикалық/галлондар)
- Дисплейдің алуан түрлілігі
- Қосымша дисплей.

#### 11.14.1 Бірліктер

Метрикалық өлшем бірліктерін (литрлер/миллилитрлер/барлар) немесе АҚШ өлшем бірліктерін (галлондар/шаршы дюймге фунттар) орнатуға болады. Жұмыс режиміне және мәзірге сәйкес келесі өлшем бірліктері бейнеленеді:

Жұмыс режимі/атқарым	Метрик. бірліктер	АҚШ бірліктері
Қолмен басқару	с/мл немесе с/л	с/гал
Импульстік басқару	мл/Л	мл/Л
Аналогтік басқару 0/4-20 МА	с/мл немесе с/л	с/гал
Топтама (импульстік немесе таймер бойынша басқару)	мл немесе л	гал
Калибрлеу	мл	мл
Көлемді есептеуіш	л	гал
Қысымды бақылау	бар	фунт/шар. дюйм

#### 11.14.2 Қосымша дисплей

Қосымша дисплей сорғының ағымдық жағдайы жөніндегі қосымша ақпаратпен қамтамасыз етеді. Шама дисплейде тиісті символмен бейнеленеді.

«Қолмен басқару» режимінде «Нақ.шығын» Q = 31,9 с/л (35-сур. қар.) ретінде беріле алады.



Қосымша дисплей

**35-сур.** Қосымша дисплеймен терезе  
Қосымша дисплейді келесі түрде теңшеуге болады:



Теңшеулер	Сипаттама
Әдепкі қалпы бойынша	Жұмыс режиміне байланысты:
	<b>Q</b> Нақты шығын ("Қолмен"/"Импул.") <sup>1), 2)</sup>
	<b>Q</b> Талап етілетін шығын ("Импул.")
	<b>↻</b> Тұтылатын тоқ (аналог.)
Мөлшер. көлем	<b>IV</b> Топтамалардың қалдық көлемі ("Топтама", "Таймер")
	<b>⏸</b> Келесі мөлшерлеуге дейінгі уақыт ("Таймер")
Нақ. шығын	<b>V</b> Соңғы тастаудан кейінгі мөлшерлену көлемі (24 беттегі Есептеуіштерді қар.)
Қысымға қарсылық	<b>Q</b> Ағымдық нақты шығын <sup>1), 2)</sup>
	<b>P</b> Мөлшерлегіш бастиектегі ағымдық қысымға қарсылық <sup>1)</sup>

<sup>1)</sup> DDA-FCM басқару нұсқасы ғана

<sup>2)</sup> тек егер индикаторлық диаграмманы бағалауға болса ғана (11.7 Ағынды бақылау (FlowControl) қар.)

### 11.15 Уақыт пен күнді орнату

Уақыты мен күнін «Теңшеулер > Уақыт+күн» мәзірінде беруге болады.

Қысқы немесе жазғы уақытқа ауысу автоматты түрде орын алмайды.

#### Ескерту

**«Уақыт+күн» мәзірінде уақыт немесе күн өзгерген кезде, мөлшерлеу мен реленің (2 реле) шығыс атқарымдары таймермен басқару режимінде ажыратылады!**



**Мөлшерлеу мен реленің шығыс атқарымдарын таймермен басқару режиміне бірден қайтадан қосу талап етіледі!**

**Уақыттың немесе күннің өзгеруі шоғырланудың артуына немесе кемуіне әкеліп соқтыруы мүмкін!**

### 11.16 Байланыс шинасы арқылы деректер алмасу **BUS**

Байланыс шинасы арқылы деректер алмасу қашықтан басқаруды және сорғыны шиналар жүйесі бойынша теңшеуге мүмкіндіктер тудырады.


Қосымша нұсқаулықты, атқарымдық профильдер мен қолдау файлдарын (мысалы, GSD файлы) өзара әрекеттесуші жабдықпен бірге жеткізілуші компакт-дисктен және [www.grundfos.com](http://www.grundfos.com) сайтынан алуға болады.

### 11.16.1 GENIBus байланыс интерфейсі

Сорғы GENIBus арқылы қосылуға арналған кіріктірілген модульмен жабдықталған. Сорғы тиісті кіріс сигналына қосылғаннан кейін, басқаруды шина арқылы теңестіреді. «Байланысты белсендіруге керек пе?» ескертпесі пайда болады.

«Жұмыс» мәзірінде растағаннан кейін «Белсендірілген атқарымдар» өрісінде тиісті символ пайда болады.

«Теңшеулер > Шина» мәзірінде 32-ден 231-ға дейін GENIBus мекен-жайын беруге және шина бойынша басқаруды белсендіруге болады.



#### 36-сур. «Шина» мәзірі



#### Ескерту

**GENIBus хаттамасы бойынша қосылуға арналған кабельдің максималды ұзындығы 3 м. құрайды. Бұл ұзындықтың асуына жол берілмейді.**

### 11.16.2 Өнеркәсіптік байланыс шиналарының ықтимал түрлері

Сорғы CIM келесі модульдерінің бірімен (CIM = байланыс интерфейсінің басқару модулі) жабдықталған Grundfos CIU (CIU = байланыс интерфейсінің басқару блогы) блогына қосылған бола алады.

- CIM150 Profibus;
- CIM150 Profibus;
- CIM270 GRM;
- CIM500 Ethernet.

CIU және мөлшерлегіш сорғының арасындағы ішкі байланыс үшін GENIBus қолданылады.

#### Ескерту

**GENIBus хаттамасы бойынша қосылуға арналған кабельдің максималды ұзындығы 3 м. құрайды. Бұл ұзындықтың асуына жол берілмейді.**




**Монтаждау және пайдалануға беру бойынша жұмыстарға кіріспестен бұрын CIU блогымен бірге жеткізілетін құжатты оқып шығыңыз.**

### 11.16.3 Байланысты белсендіру

1. Сорғыны «Қосу/тоқтату» түймелерінің көмегімен «Тоқтату» жұмыс режиміне орнатыңыз.
2. Сорғының қуат беруін ажыратыңыз.

3. CIU блогын монтаждау және пайдалану бойынша тиісті жеке нұсқаулықта сипатталғандай орнатыңыз және қосыңыз.
4. Қуат беруді сорғыға қосыңыз.  
«Байланысты белсендіру керек пе?» ескертпесі пайда болады.  
Растаудан кейін ескертпенің қабылданғаны немесе қабылданбағанынан тәуелсіз «Жұмыс» мәзіріндегі «Белсендірілген атқарымдар» өрісінде «Шина» символы пайда болады.  
Егер ескертпе қабылданған болса, шина бойынша басқару атқарымы белсендірілетін болады. Егер ескертпе қабылданбаса, шина бойынша басқару атқарымын «Теңшеулер > Шина» мәзірінде белсендіруге болады.



**37-сур.** Profibus® арналған ішкі мәзірдің мысалы

#### 11.16.4 Байланыс шинасы мекен-жайының теңшеулері

1. «Теңшеулер > Шина» мәзіріне кіріңіз және шинаның қажетті мекен-жайын беріңіз.

Шина түрі	Мекен-жайлардың ауқымы
Profibus® DP	0-126
Modbus RTU	1-247


2. Шинаның жаңа мекен-жайын бастапқы жүктеу үшін сорғыны қайтадан іске қосыңыз. Сорғының қуат беруін ажыратыңыз және шамамен 20 секунд тоса тұрыңыз.
3. Қуат беруді сорғыға қосыңыз. Сорғы шинаның жаңа мекен-жайыма іске қосылады.

#### 11.16.5 Байланыс шинасы арқылы деректер алмасудың өзіндік ерекшеліктері

Сорғыны іске қосу және тоқтату үшін шина бойынша ол «Жұмыс істеуде жұмыс күйінде болуы керек.» Сорғыны шина бойынша қашықтан тоқтату кезінде «Сыртқы тоқтату» символы бейнеленетін болады әне сорғы «Құту» жұмыс күйіне ауысады.


Шина бойынша басқару атқарымын деактивациялау кезінде «Теңшеулер» мәзірінде тек «Шина» және «Бұғ-тау» ішкі мәзірлері ғана бейнеленеді. Балған мәзір, «Сыртқы тоқтату» атқарымы және түймелер әлі де қолжетімді болады.

Шина бойынша басқару белсендірілген кезде, барлық жұмыс режимдерін (11.4 Пайдалану режимдері бөлімін қар.) әлі де қолдануға болады. Бұл шина бойынша басқаруы сорғының теңшеулерін бақылау мен өзгерту үшін қолдануға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда «BusWatchDog» тиісті атқарымын шина бойынша (CIM/блок CIU үлгісіндегі CD-дискідегі атқарымдық пішінді қар.) деактивациялау қажет болады, кері жағдайда сорғының деректердің қате берілуінен тоқтатылуы орын алуы мүмкін.

**Ескерту**  

**Теңшеулерге қолмен өзгерістер енгізу үшін шина бойынша басқару атқарымы уақытша деактивациялануы керек болады.**

#### 11.16.6 Байланысты деактивациялау

Шина бойынша басқару атқарымын деактивациялаудан кейін сорғы автоматты іске қосыла алады.

**Автоматты іске қосылу**  
**Жеңіл және орта деңгейді жарақат**  

**Назар аударыңыз** - Шина бойынша басқару атқарымын деактивациялаудың алдында сорғыны «Тоқтату» жұмыс күйіне ауыстыру керек.

Шина бойынша басқару атқарымын «Теңшеулер > Шина» мәзірінде деактивациялауға болады. Деактивациялаудан кейін «Теңшеулер» мәзіріндегі барлық ішкі мәзірлер қолжетімді болады.

Дисплейдегі «Шина» символы CIU блогының істікшесін ажыратқаннан кейін келесі қайта іске қосылу кезінде жоғалатын болады.

Істікшені ажыратқаннан кейін қорғаныс клапанын орнына қайтару қажет.

TM06 7 111 2916

### 11.16.7 Байланыс қателіктері

Ақаулықтар «BusWatchDog» (СІМ/блок CIU үлгісіндегі CD-дискідегі атқарымдық пішінді қар.) тиісті атқарымын белсендірген кезде ғана анықталады.

Байланыс қателіктерін жойғаннан кейін сорғы шина мен сорғының теңшеулерінен тәуелсіз автоматты режимде іске қосыла алады.

#### Автоматты іске қосылу

**Жеңіл және орта деңгейді жарақат - Ақаулықтарды жоюдың алдында сорғыны «Тоқтату» жұмыс күйіне орнатыңыз.**


Назар аударыңыз

Шина бойынша ақаулықтар кезінде (мысалы, байланыс кабелі бұзылу кезінде) сорғы мөлшерлеуді тоқтатады және ақаулықтар анықталғаннан кейін шамамен 10 секундқа «Күту» жұмыс күйіне ауысады. Апаттық жағдай жөніндегі хабарлама ақаулықтардың пайда болу себептерінің сипаттамадан тұрады.

15. Ақаулықты табу және жою бөлімін қар.

### 11.17 Кірістер/шығыстар

«Теңшеулер > Кірістер/Шығыстар» мәзірінде «1 реле + 2 реле» екі шығысын және «Сыртқы тоқтату», «Босату» және «Төмен деңгей» кіріс сигналдарын конфигурациялауға болады.



TM06 7112 2916

#### 38-сур. «Кірістер/Шығыстар» мәзірі

#### Ескерту

**«Уақыт+күн» мәзірінде уақыт немесе күн өзгерген кезде, мөлшерлеу мен реленің (2 реле) шығыс атқарымдары таймермен басқару режимінде ажыратылады!**



**Мөлшерлеу мен реленің шығыс атқарымдарын таймермен басқару режиміне бірден қайтадан қосу талап етіледі!**

**Уақыттың немесе күннің өзгеруі шоғырланудың артуына немесе кемуіне әкеліп соқтыруы мүмкін!**

### 11.17.1 Релелік шығыстар

Сорғы орнатылған реленің көмегімен екі сыртқы сигналды ауыстыра алады. Нәлдік әлеуетпен релелік шығыстар. Реленің қосылу схемасы 4.3 *Электр қосылымы* бөлімінде берілген. Қос реле келесі сигналдар үшін белгіленуі мүмкін:

1 реле сигналы	2 реле сигналы	Сипаттама
Апат*	Апат	Қызыл дисплей, сорғы тоқтады (мысалы, босау жөніндегі сигнал пайда болған кезде және т.б.)
Ескер.*	Ескер.	Сары дисплей, сорғы жұмыс істеуде (мысалы, төмен деңгейдің сигналы пайда болған кезде және т.б.)
Жүріс сигналы	Жүріс сигналы	Әрбір толық жүріс
Сорғы мөлшерлейді	Сорғы мөлшерлейді*	Сорғы жұмыс істеуде және мөлшерлеуде
Импульстік кіріс**	Импульстік кіріс**	Әрбір импульстік кіріс сигналдан әрбір кіруші импульс
Шина арқылы басқар.	Шина арқылы басқар	Шина арқылы байланыс мәзірінде пәрменмен белсендірілді
	Таймер циклі	Келесі бөлімдерді қар.
	Аптал таймер	Келесі бөлімдерді қар.
<b>Түйіспе түрі</b>		
NO*	NO*	Қалыпты алшақталған түйіспе
NC	NC	Қалыпты түйісқалған түйіспе


\* Зауыттық теңшеулер.

\*\* Кіріс импульстік сигналдардың лайықты берілуіне тек 5 Гц дейінгі жиілікте ғана келіп беріле алады.

### Таймер циклі (2 реле)

«2 реле > Таймер циклі» атқарымы келесі параметрлерді талап етеді:

- Қосу ( $t_1$ )
- Кешік. қосу ( $t_2$ )
- Цикл уақыты ( $t_3$ ).



TM06 7113 2916

### Аптал.таймер (2 реле)

Аталған атқарым апта ішінде реленің 16 қосылуына дейін сақтауға мүмкіндік береді. «2 реле > Аптал.таймер» мәзірінен әрбір ауыстыру релесі үшін келесі теңшеулерді орындауға болады:

- Рәсім (№)
- Жұм.уақыты (ұзақтылық)
- Басталуы
- Жұмыс күндері.

### 11.17.2 Сыртқы тоқтату



Сорғыны сыртқы импульспен тоқтатуға болады, мәселен, басқару тетігімен. Тоқтатудың сыртқы сигналы белсендірілгеннен кейін сорғы «Күту» жұмыс күйіне ауысады. «Сигналдар мен қателіктердің дисплейі» өрісінде тиісті символ пайда болады.

#### Ескерту

**Мәселен реленің көмегімен желілік кернеуді жиі ажыратулар, электрондық жабдықтың бүлінуіне және сорғының бұзылуына алып келуі мүмкін. Одан басқа, ішкі іске қосулардан мөлшерлеу дәлдігі төмендейді.**



**Мөлшерлеу кезінде сорғыны желілік кернеудің көмегімен реттеуге болмайды!**

**Сорғыны іске қосу және тоқтату үшін тек «Сыртқы тоқтату» атқарымын қолданыңыз!**

Дайындаушы-зауытта қалыпты алшақталған түйіспе түрі (NO) орнатылады. «Теңшеулер > Кірістер/Шығыстар > Сыртқы тоқтату» мәзірінде бұл түйіспені қалыпты тұйықталған түйіспеге (NC) өзгертуге болады.

### 11.17.3 «Босату» және

#### «Төмен деңгей» сигналдары



Резервуардың толтырылу деңгейін бақылау үшін, сорғыға екі позициялық деңгей датчигін қосуға болады. Сорғы сигналдарға келесідей түрде жауап қайтарады:

Датчиктің сигналы	Сорғының жағдайы
Төмен деңгей	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дисплей сары</li> <li>•  Жылтылдап тұр</li> <li>• Сорғы жұмыс істеуін жалғастыруда</li> </ul>
Бос.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дисплей қызыл</li> <li>• Жылтылдап тұр</li> <li>•  Сорғы тоқтайды</li> </ul>



#### Ескерту

**Резервуар қайта толған кезде сорғы автоматты түрде іске қосылады.**

Дайындаушы-зауытта түйіспелердің қалыпты алшақталған түрлері (NO) орнатылады, яғни қос кіріс сигнал түйіспелердің тұйықталуы кезінде түседі. «Теңшеулер > Кірістер/Шығыстар» мәзірінен оларды қалыпты тұйықталған түйіспелерге (NC) қайта орнатуға болады.

### 11.18 Негізгі теңшеулер

Барлық теңшеулерді тастауға және «Теңшеулер > Нег.теңшеулер» мәзірінде әдепкі қалып бойынша теңшеулерге қайтып оралуға болады. Егер «Қолд.теңш.сақтау» таңдалса, ағымдық конфигурация жадыда сақталады. Сосын оны «Қолд.теңш.орнату» көмегімен белсендіруге болады.

Жадыда әрдайым алдын-ала сақталған конфигурация қалады. Операциялық жадының ертеректеу деректері өшіп қалады.

## 12. Техникалық қызмет көрсету

Мембрана мен клапандар секілді тозатын бөлшектерді ұзақ қызметтік мерзіммен және мөлшерлеу дәлдігімен қамтамасыз ету үшін, оны тұрақты түрде тозу бойынша тексеріп отыру қажет болады. Қажет болған жағдайда тозған материалдарды тиісті материалдардан жасалған фирмалық қосалқы бөліктермен алмастырыңыз. Барлық сұрақтар бойынша Grundfos компаниясының сервистік орталығына хабарласыңыз.



**Ескерту**  
Техникалық қызмет көрсету тек білікті қызметкерлер арқылы ғана орындалулары керек.

### 12.1 Тұрақты техникалық қызмет көрсету

Кезең ділік	Әрекет
	Мөлшерлегіш бастиектегі ағызу саңылауын сұйықтық ағу және тығындалуы немесе бітеліп қалуы бойынша тексеріңіз. 41-42-сур. қар. айқ. 8. Жоғарыда аталған анықталған жағдайда <b>12.4 Мембрананың бүлінуі</b> бөлімінде берілген нұсқаулықтарды басшылыққа алыңыз.
	Мөлшерлегіш бастиектен немесе клапандардан сұйықтық ағып кетпегенді тексеріңіз. Қажет болған жағдайда динамометрлік кілтпен мөлшерлегіш бастиектің бұрандаларын тартып бекітіңіз. Ұзаққа созылу сәті [Нм]: 6 (+ 1). Қажет болған жағдайда клапандарды және ілмекті сомынды тартыңыз немесе техқызметкөрсету жүргізіңіз <b>12.4 Техқызметкөрсетуді орындау</b> бөлімін қар.
	Сорғы дисплейінде техқызметкөрсету бойынша талаптардың бар екендіктерін тексеріңіз. Егер ол пайда болса, <b>12.3 Сервистік жүйе</b> бөлімінде берілген нұсқаулықтарды басшылыққа алыңыз.
Апта сайын	Сорғының барлық бетін құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
Әрбір 3 ай сайын	Мөлшерлегіш бастиектің бұрандаларын тексеріңіз. Қажет болған жағдайда динамометрлік кілтпен мөлшерлегіш бастиектің бұрандаларын тартып бекітіңіз. Ұзаққа созылу сәті [Нм]: 6 (+ 1). Бүлінген бұрандаларды тез арада алмастырыңыз.

## 12.2 Тазалау


Қажет болған жағдайда сорғының бетін құрғақ таза шүберекпен сүртіңіз.

## 12.3 Сервистік жүйе


Электрлі қозғалтқыштың жарамдылық мерзіміне сәйкес немесе белгілі пайдаланушылық кезеңнен кейін техқызметкөрсету бойынша талаптар пайда болуы керек. Бұл талаптар сорғының ағымдық жұмыс жағдайынан тәуелсіз пайда болады және мөлшерлеу процесіне әсер етпейді.

Техқызметкөрсету бойынша талаптар	Қозғалтқыштың жарамдылық мерзімі [с]*	Уақыт аралығы [айлар]*
Жақында техқызметкөр.!	7500	23
Қазір техқызметкөр.!	8000	24

\* Сервистік жүйенің соңғы тасталу сәтінен бастап



### 39-сур. Жақында техқызметкөр.!



### 40-сур. Қазір техқызметкөр.!

Бөлшектердің тозуларын арттыратын орталарды қолдану кезінде, техникалық қызмет көрсетулердің арасындағы аралық межелер қысқалау болу керек.

Техникалық қызметкөрсету бойынша талаптар тозған бөлшектерді алмастыру қажет болғанда сигнал береді және техникалық қызмет көрсету үшін жиынтық кешенін көрсетеді. Сервистік нұсқауды уақытша жасыру үшін басқару доңғалағына басыңыз.

Егер «Техқызметкөр қазір!» (күн сайын бейнеленеді) хабарламасы пайда болатын болса, тез арада сорғыға техқызметкөрсетуді орындау қажет болады.

«Жұмыс» мәзірінде  символы пайда болады.

Одан басқа, «Ақпар» мәзірінде техникалық қызмет көрсету үшін талап етілетін кешеннің нөмірі бейнеленетін болады.

### 12.4 Техқызметкөрсетуді орындау

Техникалық қызмет көрсету үшін тек Grundfos компаниясы арқылы шығарылған қосалқы бөлшектер мен керек-жарақтар ғана қолданылулары керек. Басқа өндірушілердің қосалқы бөлшектері мен керек-жарақтарын қолдану кезінде мүмкін болатын кез келген зияндарға кез келген жауапкершілік заңды күшін жоятын болады.

#### Ескерту

**Қауіпті химиялық әсер ету Жеңіл және орта деңгейлі жарақат**  
- Мөлшерленуші ортаға қатысты материалдардың қауіпсіздік төлқұжатының талаптарын сақтаңыз.

- Мөлшерлегіш бастиекпен, қосылыстармен немесе құбыр желілерімен жұмыс жасау кезінде жеке қорғаныс құралдарын (қолғаптар мен көзілдіріктер) қолданыңыз.

- Барлық химреагенттерді олардың қызметкерлерге немесе қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей етіп жинаңыз немесе кәдеге жаратыңыз.


Сорғымен жұмыс жасаудың алдында оны «Тоқтату» режиміне ауыстыру немесе сорғының қуат беру көзін ажырату қажет болады.

Жүйедегі қысымды міндетті түрде тастау қажет.


Назар аударыңыз



### 12.4.1 Мөлшерлеуші бастиек



41-сур. DDA 60-10



42-сур. DDA 120-7/DDA 200-4

#### Айқ. Атауы

1	Саптама
2	Фланец
2a	Бекіткіш сақина
2b	Бұрандалар
2c	Аралық сақина
2d	Бекіткіш сақина
3	Мембрана
4	Айдау жағындағы клапан
5	Мөлшерлегіш бастиек
6	Бұрандалар
7	Сору жағындағы клапан
8	Ағызу саңылауы
9	Орнатылма сұққыш
10	Сақтандырғыш мембрана

#### 12.4.2 Мембрана мен клапандарға демонтаж жасау



**Ескерту**  
**Егер мембрананың бүліну ықтималдылығы болса, сорғыны қуат беру көзіне қоспаңыз!**  
**Ары қарай нұсқауларды орындаңыз**  
**12.6 Мембрананың бүлінуі.**

Аталған бөлім бойынша 41-42-сур. қар.

1. Сорғыны «Қосу/тоқтату» түймелерінің көмегімен «Тоқтату» ■ жұмыс режиміне орнатыңыз.
2. Жүйедегі қысымды төмендетіңіз.
3. Ағып кеткен сұйықтықтың толықтай жиналуы үшін тиісті шараларды қабылдаңыз.
4. Мөлшерлегіш бастиекті босатыңыз және қажет болған жағдайда оны жууыңыз.
5. Мембрананы «сырттай» жағдайына ауыстыру үшін бір уақытта «Қосу/тоқтату» және «100 %» түймелерін басыңыз.  
– Символ бейнеленуі керек (– (15-сур. қар.).
6. Сорушы және арынды желілерге, сонымен қатар деаэрациялық құбыршекке демонтаж жасаңыз.
7. Сору және айдау жақтағы клапандарды бұрап шығарыңыз (4, 7).
8. Егер бар болса FlowControl сигналы үшін немесе DPM сигналы үшін қосылуларды ажыратыңыз. 12-13-сур. қар.
9. Бұрандаларды бұрап шығарыңыз (6).
10. Мөлшерлегіш бастиекті шешіңіз (5)
11. Мембрананы (3) сағат тіліне қарсы бұраңыз және оны шешіңіз.
12. DDA 60-10:  
– Фланецті (2) сақиналық тығыздағышпен бірге шешіңіз (2a, 2d).
13. DDA 120-7/DDA 200-4:  
– Аралық сақинаны шешіңіз (2c).
14. Ағызу саңылауының (8) бітеліп немесе ластанып қалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда тазаланыз.
15. Сақтандырғыш мембрананы (10) тозу және бүліну бойынша тексеріңіз. Егер сақтандырғыш мембран бүлінген болса, сорғыны Grundfos сервистік орталығына жөндеуге жіберіңіз. 12.7 Жөндеу бөлімін қар.

Мөлшерленуші сұйықтықтың сорғы корпусына келіп түсу белгілері болмаған жағдайда  
**12.4.3 Мембрананы және клапандарды қайта құрастыру** бөлімінде келтірілген нұсқауларды орындаңыз. Кері жағдайда **12.6.2 Мөлшерленуші сұйықтық сорғы корпусында** бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

#### 12.4.3 Мембрананы және клапандарды қайта құрастыру

Сорғыны қайта құрастыруға тек сорғы корпусына мөлшерленуші сұйықтықтың келіп түсуі бойынша белгілер болмаған жағдайда ғана рұқсат беріледі. Кері жағдайда **12.6.2 Мөлшерленуші сұйықтық сорғы корпусында** бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

Аталған бөлім бойынша 41-42-сур. қар.

1. DDA 60-10:  
– Фланецке (2) жырашықтарға жаңа сақиналық тығыздағыштарды (2a, 2d) орнатыңыз және олардың дұрыс орнатылғандарына көз жеткізіңіз.  
– Орнатылма сұққышты (9) қолдана отырып, фланецті (2) орнатыңыз.
2. DDA 120-7/DDA 200-4:  
– Бұрандаларды (2b) динамометрлік кілттің көмегімен тартып бекітіңіз. Ұзаққа созылу сәті [Нм]: 6 (+ 1).  
– Аралық сақинаны (2c) фланецке (2) орнатылма сұққышты қолдана отырып орнатыңыз.
3. Жаға мембрананы (3) сағат тілі бойынша бұрап тастаңыз.  
– Мембрананың ебден бұрамдалғанына және саптамаға (1) толықтай жабысқандығына көз жеткізіңіз.
4. Мембрананы «сырттай» жағдайына ауыстыру үшін бір уақытта «Қосу/тоқтату» және «100 %» түймелерін басыңыз.  
– Символ бейнеленуі керек (– (15-сур. қар.).
5. Мөлшерлегіш бастиекті бекітіңіз (5).  
– DDA 60-10: Орнатылма сұққышты (9) қолданыңыз.
6. Бұрандаларды (6) орнатыңыз және оларды динамометрлік кілттің көмегімен айқыш-ұйқыш тартыңыз.  
– Ұзаққа созылу сәті [Нм]: 6 (+ 1).
7. Егер бар болса FlowControl сигналы үшін немесе DPM сигналы үшін қосылуларды ажыратыңыз. 12-13-сур. қар.
8. Жаңа клапандарды орнатыңыз (4, 7).  
– Тілдердің бағыттарына назар аударыңыз.
9. Гидравликалық қосылыстарды орындаңыз.  
**8.2 Гидравликалық қосылыстар** бөлімін қар.
10. Сервистік режимнен шығу үшін «Қосу/тоқтату» түймесін басыңыз.

**Ескерту**

**Мөлшерлегіш бастиектің бұрандаларын динамометрлік кілттің көмегімен іске қосудың алдында және мөлшерлегіш бастиектің әрбір шешілуінен кейін тартып бекітіп отырыңыз. 48 сағат бойы жұмыс істегеннен кейін мөлшерлегіш бастиектің бұрандамаларын динамометрлік кілттің көмегімен қайтадан тартып бекітіңіз.**

**Ұзаққа созылу сәті [Нм]: 6 (+ 1).**



11. Мөлшерлегіш сорғыдан ауаны шығарыңыз. 10.4 Сорғыдан ауаны шығару бөлімін қар.
12. Пайдалануға беру бойынша 10. Пайдалануға беру бөлімінде келтірілген пайдалану жөніндегі ескертпелерді ескеру қажет.

**12.5 Сервистік жүйені тастау**

Сервистік жүйге техқызметкерсетуді орындағаннан кейін оны «Ақпар > Серв.жүйені тастау» атқарымының көмегімен бастапқы қалпына қайта орнату қажет.

**12.6 Мембрананың бүлінуі**

Егер мембранадан су ақса немесе бүлінсе, мөлшерленуші сұйықтық ағызу саңылауынан мөлшерлегіш бастиекке ағатын болады. 4-сур. қар. айқ. 16.

Мембрана бүлінген жағдайда сақтандырғыш мембрана (41-42-сур., айқ. 10) сорғы корпусын оған мөлшерленуші сұйықтықтың келіп түсуінен қорғайтын болады.

Кристалдандырылатын сұйықтықты айдау кезінде ағызу саңылауы кристалдаудан тығындалып қалуы мүмкін. Егер сорғы жұмысын тез арада тоқтатпаса, мембрана (41-42-сур., айқ. 3) мен сақтандырғыш мембрананың арасындағы қысым артып кетуі мүмкін. Қысым мөлшерленуші сұйықтықты сақтандырғыш мембран арқылы сорғы корпусына итеруі мүмкін. Мөлшерленуші сұйықтықтардың көршілігі сорғы корпусына тиіп кеткен кездерінде ешқандай қауіп төндірмейді. Бірақ кейбір сұйықтықтар сорғының ішкі бөліктерімен химиялық реакцияларды шақыруы мүмкін. Ең болмағанда осы реакциялардың нәтижесінде сорғы корпусында жарылыс қаупі бар газдар пайда болуы мүмкін.

**Ескерту**

**Мөлшерленуші сұйықтықтың сорғы корпусына келіп түсуі жағдайындағы жарылыс қаупі орны алады!**

**Ажал немесе ауыр жарақат. Бүлінген мембранане жұмыс жасау сорғы корпусына**

**мөлшерленуші сұйықтықтың келіп түсуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.**

**- Мембрана бүлінген жағдайда сорғыны қуат беру көзінен жылдам ажыратыңыз!**

**- Сорғының қайтадан кездейсоқ іске қосылуы мүмкін еместігіне көз жеткізіңіз!**

**- Сорғының қуат беруін іске қоспай мөлшерлегіш бастиекті шешіңіз және сорғы корпусында мөлшерленуші сұйықтықтың жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Ары қарай 12.6.1 Мембрананы бүліну жағдайында демонтаждау бөліміндегі нұсқауларды сақтаңыз.**



Мембрананың бұзылу нәтижесінен қауіптіліктердің пайда болуын болдырмау үшін, келесі нұсқаулықтарды басшылыққа алыңыз:

- Техникалық қызмет көрсетуді тұрақты орындаңыз. 12.1 Тұрақты техникалық қызмет көрсету бөлімін қар.
- Ағызу саңылауы бұғатталған немесе бітеліп қалған сорғыны пайдалануға тыйым салынады.
  - Егер ағызу саңылауы бұғатталған немесе бітеліп қалған болса, 12.6.1 Мембрананы бүліну жағдайында демонтаждау бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.
- Ағушы мөлшерленуші сұйықтықтың мүліктің бүлінуіне әкеліп соқтырмауына және денсаулыққа зиян келтірмеуі үшін қажетті сақтық шараларын қабылдаңыз.
- Бүлінген немесе мөлшерлегіш бастиектерінің бұрандалары жеткіліксіз түрде тартылған сорғыны пайдалануға тыйым салынады.



### 12.6.1 Мембрананы бүліну жағдайында демонтаждау

**Назар аударыңыз!** *Сорғыны қуат беру көзіне қосуға тыйым салынады!*

Аталған бөлім бойынша 41-42 бөлімін қар.

1. Жүйедегі қысымды төмендетіңіз.
2. Ағып кеткен сұйықтықтың толықтай жиналуы үшін тиісті шараларды қабылдаңыз.
3. Мөлшерлегіш бастиекті босатыңыз және қажет болған жағдайда оны жууыңыз.
4. Сорушы және арынды желілерге, сонымен қатар деаэрациялық құбыршекке демонтаж жасаңыз.
5. Сору және айдау жақтағы клапандарды бұрап шығарыңыз (4, 7).
6. Егер бар болса FlowControl сигналы үшін немесе DPM сигналы үшін қосылуларды ажыратыңыз. 12-13-сур. қар.
7. Бұрандаларды бұрап шығарыңыз (6).
8. Мөлшерлегіш бастиекті шешіңіз (5).
9. Мембрананы (3) сағат тіліне қарсы бұраңыз және оны шешіңіз.
10. DDA 60-10:
  - Фланецті (2) сақиналық тығыздағышпен бірге шешіңіз (2а, 2д).
11. DDA 120-7/DDA 200-4:
  - Аралық сақинаны шешіңіз (2с).
12. Ағызу саңылауының (8) бітеліп немесе ластанып қалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда тазалаңыз.
13. Сақтандырғыш мембрананы (10) тозу және бүліну бойынша тексеріңіз. Егер сақтандырғыш мембаран бүлінген болса, сорғыны Grundfos сервистік орталығына жөндеуге жіберіңіз. 12.7 Жөндеу бөлімін қар.

Мөлшерленуші сұйықтықтың сорғы корпусына келіп түсу белгілері болмаған жағдайда 12.4.3 Мембрананы және клапандарды қайта құрастыру бөлімінде келтірілген нұсқауларды орындаңыз. Кері жағдайда 12.6.2 Мөлшерленуші сұйықтық сорғы корпусында бөліміндегі нұсқауларды орындаңыз.

### 12.6.2 Мөлшерленуші сұйықтық сорғы корпусында

**Ескерту**

*Сорғыны қуат беру көзінен тез арада ажыратыңыз!*

*Сорғының қайтадан кездейсоқ іске қосылуы мүмкін еместігіне көз жеткізіңіз!*



Егер мөлшерленуші сұйықтық сорғы корпусына келіп түссе:

- Сорғыны 10.7 Жөндеу бөлімінде келтірілген деректерді, нұсқаулықтарды басшылыққа ала отырып, Grundfos компаниясының сервистік орталығына жөндеуге жіберіңіз.

- Егер жөндеу экономикалық түрде орынсыз болса, сорғыны 17. Бұйымды кәдеге жарату бөлімінде келтірілген ақпаратты басшылыққа ала отырып кәдеге жаратыңыз.

### 12.7 Жөндеу

**Ескерту**

*Сорғының корпусы Grundfos компаниясының уәкілетті қызметкерлері арқылы ғана ашылуы керек.*



*Жөндеу тек уәкілетті және білікті қызметкерлер арқылы ғана жүргізілуі керек!*

*Техникалық қызмет көрсетудің және жөндеудің алдында сорғыны сәндіріңіз және қуат беру көзінен ажыратыңыз!*

Grundfos Сервистік орталығынан кеңес алғаннан кейін сорғыны маман арқылы толтырылған қауіпсіздік жөніндегі мағлұмдамамен Grundfos Сервистік орталығына жіберіңіз. Қауіпсіздік жөніндегі мағлұмдаманы осы аталған нұсқаулықтың соңынан табуға болады. Оны басып шығару, толтыру және сорғыға бекіту керек болады.

**Ескерту**

*Жіберу алдында сорғыны тазалау қажет!*



*Егер сорғы корпусына мөлшерлеуші сұйықтықтың келіп түсуі ықтимал болса, бұны қауіпсіздік жөніндегі мағлұмдамада нақты атап көрсетіңіз! 12.6 Мембрананың бүлінуі бөлімін қар.*

Егер жоғарыда аталған талаптар орындалмаса, Grundfos сервистік орталығы сорғыны қабылдаудан бас тартуы мүмкін. Тасымалдауға кететін шығындарды жіберуші өтейді.

### Ластаған сорғылар

*Егер сорғы улы немесе уландырғыш сұйықтықтарды айдау үшін қолданылса, ондай сорғы ластаған ретінде жіктеледі.*

**Назар аударыңыз!**

Сорғыны Grundfos компаниясына сервистік қызмет көрсету үшін қайтарудың алдында, уәкілетті қызметкерлер осы Нұсқаулықтың соңында келтірілген Қауіпсіздік жөніндегі мағлұмдаманы толтырулары және оны сорғы корпусына көрінетін жерге бекітулері керек.

Сорғыны Grundfos сервистік орталығына сервистік қызмет көрсету үшін қайтарудан бұрын, сорғыны мұқият жуу қажет болады.

Егер бұны істеу мүмкін болмаса, айдалатын сұйықтық жөніндегі барлық мәліметтерді беру қажет болады.

Егер жоғарыда аталған талаптар орындалмаса, Grundfos сервистік орталығы сорғыны қабылдаудан бас тартуы мүмкін.

Сорғыны фирмаға қайтаруға байланысты шығындарды жіберуші өтейді.

## 13. Істен шығару

### Сорғыны тоқтату

#### *Ескерту*

***Химиялық күйіктердің қаупі!***

***Мөлшерлегіш бастиекпен, қосылыстармен немесе желілерімен жұмыс жасау кезінде жеке қорғаныс құралдарын қолданыңыз (қолғаптар мен көзілдіріктер)!***

***Химиялық препараттардың сорғыдан ағып кетулеріне жол бермеңіз. Барлық химиялық заттарды лайықты түрде жинау және кәдеге жарату қажет!***



***Егер мүмкін болса, сорғыны қосудың алдында мөлшерлегіш бастиекті жууыңыз, яғни оған су жіберіңіз.***

Назар  
аударыңыз

### Ажырату/бөлшектеу

1. Сорғыны ажыратыңыз және оны қуат беру көзінен ажыратыңыз.
2. Жүйедегі қысымды тастаңыз.
3. Ағызылушы айдалатын ортаны қауіпсіз жинау үшін тиісті шараларды қабылдаңыз.
4. Барлық желілерді абайлап шешіңіз.
5. Сорғыға демонтаж жасаңыз.

### Тазалау

1. Ортамен байланыста болған барлық бөлшектерді мұқият шайыңыз:
  - желілерді;
  - клапандарды;
  - мөлшерлегіш бастиекті;
  - мембрананы.
2. Сорғы корпусынан химиялық реагенттердің кез келген іздерін жойыңыз.

## 14. Техникалық сипаттамалар мен габариттер

## 14.1 Техникалық сипаттамалар

Деректер		60-10	120-7	200-4	
Механик. сипат-ры	Реттеу тереңдігі (теңшеулердің ауқымы)	[1:X]	800	800	800
		[с/л]	60	120	200
	Макс. өнімділік пен мөлшерлеу	[гал/с]	15	32	52,8
	SlowMode бірге (баяу режиммен) 25 % макс. мөлшерлеу өнімділігі	[с/л]	30	60	100
		[гал/с]	7,5	15	25
	SlowMode бірге (баяу режиммен) 25 % макс. мөлшерлеу өнімділігі	[с/л]	15	30	50
		[гал/с]	3,75	7,5	12,5
	Мөлшерлеудің мин. өнімділігі	[с/л]	0,075	0,15	0,25
		[гал/с]	0,02	0,04	0,065
	Макс.жұмыс қысымы (қысымға қарсылық)	[бар]	10	7	4
		[фунт/ шар. дюйм]	150	100	58
	Жүрістердің макс. жиілігі <sup>1)</sup>	[жүрістер/ мин]	198	190	190
	Жүріс мөлшері	[мл]	5,56	11,58	19,3
	Мөлшерлеу дәлдігі <sup>5)</sup>	[%]	1,5 SP + 0,1 FS <sup>5)</sup>		
	Жұмыс уақытындағы макс. сору биіктігі <sup>2)</sup>	[м]	3		
	«Дымқыл» клапанамдармен құю кезіндегі макс. сору биіктігі <sup>2)</sup>	[м]	1,5		
		[бар]	1 <sup>6)</sup>		
	Сору жағы мен айдау жағының арасындағы қысымның минималды өзгеруі	[фунт/ шар. дюйм]	14,5 <sup>6)</sup>		
		[бар]	2		
	Сору жағындағы макс. қысым	[фунт/ шар. дюйм]	29		
	SlowMode режиміндегі серіппелі клапандармен 25 % макс.тұтқырлық <sup>3)</sup>	[мПа*с (= сП)]	3000	3000	2000
	SlowMode режиміндегі серіппелі клапандармен 50 % макс.тұтқырлық <sup>3)</sup>	[мПа*с (= сП)]	2000	1500	1000
	SlowMode режимісіз серіппелі клапандармен макс.тұтқырлық <sup>3)</sup>	[мПа*с (= сП)]	1000	1000	500
	Серіппелі клапандарсыз макс. тұтқырлық <sup>3)</sup>	[мПа*с (= сП)]	100		
	Сору/айдау жағындағы құбыршектің/ түтіктердің мин. ішкі диаметрі <sup>2), 4)</sup>	[мм]	19		
	Сору/айдау жағындағы құбыршектің/ құбырдың мин. ішкі диаметрі (жоғары тұтқырлық) <sup>4)</sup>	[мм]	19		
	Сұйық ортаның мин./макс. сақтау температурасы (ПВДФ, тот баспатын болат)	[°C]	0 / 50		
	Сұйық ортаның мин./макс. сақтау температурасы (ПВХ)	[°C]	0 / 40		
Қоршаған ортаның мин./макс. температурасы	[°C]	0 / 45			
Мин./макс. сақтау температурасы (ПВДФ, тот баспатын болат)	[°C]	-20 / 70			
Мин./макс. сақтау температурасы (ПВХ)	[°C]	-20 / 45			
Макс. салыстырмалы ылғалдылық (конденсаттың пайда болуысыз)	[%]	90			
Теңіз деңгейінен макс. биіктік	[м]	2000			

Деректер		60-10	120-7	200-4	
Электр сипаттамалары	Кернеу	[В]	100-240 В ± 10 %, 50/60 Гц		
	Қуат беру қабелының ұзындығы	[м]	1,5		
	100 В кезінде 2 мс ішіндегі макс. іске қосу тоғы	[А]	35		
	240 В кезінде 2 мс ішіндегі макс. іске қосу тоғы	[А]	70		
	Макс. тұтынылатын қуат P1	[Вт]	80		
	Корпустың қорғаныс деңгейі		IP65, Nema 4X		
	Электр қауіпсіздігі класы		I		
	Ластану деңгейі		2		
Кіріс сигналы	Деңгейдің кіріс сигналына арналған макс. жүктеме		12 В, 5 мА		
	Импульстік кіріс сигналына арналған макс. жүктеме		12 В, 5 мА		
	«Сыртқы тоқтату» кіріс сигналына арналған макс. жүктеме		12 В, 5 мА		
	Импульстердің мин. ұзақтығы	[мс]	5		
	Импульстердің макс. жиілігі	[Гц]	100		
	Ұқсас кіріс сигналдарының толық кедергісі 0/4-20 мА	[Ом]	15		
	Аналогтік кірістің қателігі (межелердің шектік мәні)	[%]	± 0,5		
	Анаогтік кірістің мин.рұқсаты	[мА]	0,02		
	Сыртқы тізбек контурасының макс.кедергісі	[Ом]	150		
	Релелік шығыстағы макс. омдық жүктеме	[А]	1		
Сигналдың шығуы	Релелік/аналогтік шығыстағы макс.кернеу	[В]	Тұр.тоқтың 30 В/ айн.тоқтың 30 В		
	Аналогтік шығысқа қосылатын контурдың максималды кедергісі 0/4-20 мА	[Ом]	500		
	Аналогтік шығыс деректердің қателігі (межелердің шектік мәні)	[%]	± 0,5		
	Аналогтік кіріс сигналдың мин. рұқсаты	[мА]	0,02		
Салмағы/көлемі	Салмағы (ПВХ, ПВХДФ)	[кг]	6,7	7,9	8,9
	Салмағы (тот баспайтын болат)	[кг]	7,2	8,3	9,1
	Мембрананың диаметрі	[мм]	74	97	117
Дыбыс қысымы	Дыбыс қысымының макс. деңгейі	[дБ(А)]	80		
Сертификаттар	CE, CSA-US, NSF61, EAC, ACS, RCM				

<sup>1)</sup> Жүрістердің максималды жиілігі калибрлеуге байланысты болады

<sup>2)</sup> Деректер сумен орындалған өлшемдерге негізделген


<sup>3)</sup> Макс. сору биіктігі: 1 м, төмендетілген мөлшерлеу өнімділігі (шамамен 30 %)

<sup>4)</sup> Сорғыш желінің ұзындығы: 1,5 м, айдау желісінің ұзындығы: 10 м (макс. тұтқырлық кезінде)

<sup>5)</sup> FS = меженің шекті мәні (мөлшерлеудің макс. нақты шығыны), SP = орнатылған мән

<sup>6)</sup> Сорушы жақ мен айдаушы жақтың арасындағы қысымның түсіп кетуі шаршы дюймге 2 бар/29 фунттан кем болмауы керек.

## 14.2 Габариттер



43-сур. Габариттік сызба

Сорғы түрі	Мөлшерлегіш бастиектің материалы	A [мм]	A1 [мм]	A2 [мм]	B [мм]	C [мм]	D [мм]
DDA 60-10	PVC/PV	410	374	26	263	112	45
DDA 60-10	SS	405	364	-	263	112	45
DDA 120-7	PVC/PV	410	374	26	276,5	97	45
DDA 120-7	SS	405	364	-	276,5	97	45
DDA 200-4	PVC/PV	410	374	26	287,5	88	45
DDA 200-4	SS	405	364	-	287,5	88	45

TM06 7049 2916

## 15. Ақаулықты табу және жою

Ақаулықтар орын алған жағдайда мөлшерлегіш сорғыда апаттық сигнал немесе ескерту пайда болады. «Жұмыс» мәзірінде ақаулықтардың тиісті символы жылтылдайды,

**15.1 Ақаулықтардың тізбесі** бөлімін қар. Курсор «Апат» басты мәзіріндегі символға ауысады. «Апат» мәзірін ашу үшін басқару доңғалағын басыңыз және егер қандай да болмасын ақаулықтарды растау қажет болса, олар расталатын болады.

Ескертулер сары дисплеймен белгіленеді, бұл ретте сорғы жұмыс істеуін жалғастыра береді. Қызыл дисплей апатты білдереді - сорғы тоқтайды.

Сорғы ақаулықтардың себептері анықталғаннан кейін автоматты түрде іске қосыла алады.

**Автоматты іске қосылу**  
**Жеңіл және орта деңгейді жарақат**  
**- Ақаулықтардың себептерін**  
**жоюдың алдында, сорғының іске**  
**қосылуға дайын екендігіне және**  
**дұрыс орнатылғанына көз**  
**жеткізіңіз.**

Назар  
аударыңыз




**Сорғымен жұмыс жасаудың алдында**  
**оны «Тоқтату» режиміне ауыстыру**  
**немесе сорғының қуат беру көзін**  
**ажырату қажет болады.**  
**Жүйедегі қысымды міндетті түрде**  
**тастау қажет.**

«Апат» басты мәзірінде соңғы 10 ақаулықтар сақталады. Жаңа қателіктер орын алған кезде ең ертеректегі ақаулықтар жойылады.

Дисплейде екі соңғы қателіктер бейнеленеді, ал қалғандарының барлығын экранда ақпараттарды айналдыра отырып, қарап шығуға болады.

Экранда ақаулықтың уақыты мен күні бейнеленеді.



TM06 7072 2916

Аталған тізімнің соңындағы ақаулықтарды жоюға болады.

Егер техқызметкерсету бойынша талап болатын болса, ол «Апат» мәзірін ашу кезінде пайда болады.

Сервистік нұсқауды уақытша жасыру үшін басқару доңғалағына басыңыз. **12.3 Сервистік жүйе** бөлімін қар.

## 15.1 Ақаулықтардың тізбесі

### 15.1.1 Қателік жөніндегі хабарлама бойынша ақаулықтар

«Апат» мәзіріндегі дисплей	Ықтимал себеп	Ақаулықтарды жою
▼ зақым. (Апаттық сигнал)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мөлшерленуші ортамен резервуар бос</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Резервуарды толтыру.</li> <li>Түйіспелердің теңшеулерін тексеру (NO/NC).</li> </ul>
▼ Төмен деңгей (Ескерту)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мөлшерленуші ортамен резервуар босауға жақын</li> </ul>	
👁 Арт.қысым (Апаттық сигнал)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Шығару клапаны бұғатталған</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қажет болған жағдайда клапанды алмастыру <i>12.4 Техқызметкөрсетуді орындау</i> бөлімін қар.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Шығару клапаны бұғатталған</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Клапандарға арналған ағынның бағытын тексеру (көрсеткіге қар.) және қажет болса, оны түзету.</li> <li>Жапқышты ашу (айдау жағындағы).</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жоғары тұтқырлықтан қысымның тым артуы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Айдаушы құбыр желісінің диаметрін арттыру.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тым төмен макс. қысым орнатылған. <i>11.8 Қысымды бақылау</i> бөлімін қар.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысымның теңшеулерін өзгерту. <i>11.8 Қысымды бақылау</i> бөлімін қар.</li> </ul>
👁 Төм.қысым.қар. (Ескерту/апаттық сигнал*)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мембранада ақаулықтар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мембрананы алмастыру <i>12.4 Техқызметкөрсетуді орындау</i> бөлімін қар.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Айдау желілерінің бұзылуы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Айдау желісін тексеру және қажет болған жағдайда оны жөндеу.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сору жағы мен айдау жағының арасындағы қысым тым төмен</li> <li>Айдау клапананынан <math>Q &lt; 1</math> л/с кезінде су ағу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Айдаушы жаққа қосымша серіппелі клапанды (шамамен 2 бар) орнату.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Деаэрациялық клапан ашық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Деаэрациялық клапанды жабу.</li> </ul>
👁 Ауа көпіршігі (Ескерту)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сорғыш желіде ақаулықтар/су кету</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сорғыш желіні тексеру және қажет болған жағдайда оны жөндеу.</li> <li>Сорғыш желі атмосфералық қысымдағы арынмен болу керек (резервуарды мөлшерленуші ортамен сорғыдан жоғары орналастыру).</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Күшті газ шығарушы орта</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>SlowMode белсендіру. <i>11.6 Баяу режим (SlowMode)</i> бөлімін қар.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мөлшерленуші ортамен резервуар бос</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Резервуарды толтыру.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сорғыш желі бұғатталған/ тарылған/қысылған</li> <li>Шығару клапаны бұғатталған</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>SlowMode белсендіру. <i>11.6 Баяу режим (SlowMode)</i> бөлімін қар.</li> </ul>
👁 Кавитациялау (Ескерту)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сору биіктігі тым үлкен</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сору биіктігін азайту.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Тұтқырлығы тым үлкен</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сорғыш құбыршектің диаметрін арттыру.</li> <li>Сору желісін тексеру және қажет болған жағдайда жапқышын ашу.</li> </ul>

«Апат» мезіріндегі дисплей	Ықтимал себеп	Ақаулықтарды жою
 Су ағу, енг.клапаны (Ескерту)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Енгізу клапанынан су ағуда/ластанған</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Клапанды тексеру және тығыздау.</li> <li>Жүйені жуу.</li> <li>Қажет болған жағдайда клапанды алмастыру. <i>12.4 Техқызметкөрсетуді орындау</i> бөлімін қар.</li> <li>Бекіткіш сақинаның күйін тексеру.</li> <li>Сорғыш желіге сүзгі орнату.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Деаэрациялық клапан ашық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Деаэрациялық клапанды жабу.</li> </ul>
 Шығынның ауыт. (Ескерту)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Талап етілетін және нақты шығындардың арасында айтарлықтай айырмашылық бар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қондырғыны тексеру.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сорғы калибрленбеген/қате калибрленген</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Сорғыны калибрлеуді орындау. <i>10.5 Сорғыны калибрлеу</i> бөлімін қар.</li> </ul>
 Су ағу, айд.клапан (Ескерту)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Шығару клапанынан су ағуда/ластанған</li> <li>Айдау клапанынан су ағу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Клапанды тексеру және тығыздау. Қажет болған жағдайда клапанды алмастыру. <i>12.4 Техқызметкөрсетуді орындау</i> бөлімін қар.</li> <li>Жүйені жуу.</li> <li>Бекіткіш сақинаның күйін тексеру.</li> <li>Сорғыш желіге сүзгі орнату.</li> <li>Айдаушы жаққа серіппелі клапанды орнату.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Деаэрациялық клапан ашық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Деаэрациялық клапанды жабу.</li> </ul>
 Асқын жүктелу (Апаттық сигнал)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысымға қарсылық атаулы қысымнан көптеу</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысымға қарсылықты азайту.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Шығару клапаны бұғатталған</li> <li>Айдау желісіндегі жапқыш жабық</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қажет болған жағдайда клапанды алмастыру. <i>12.4 Техқызметкөрсетуді орындау</i> бөлімін қар.</li> <li>Клапандарға арналған ағынның бағытын тексеру (көрсеткіге қар.) және қажет болса, оны түзету.</li> <li>Жапқышты ашу (айдау жағындағы).</li> </ul>
 Қысым датчигі (Ескерту)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысымның тым артып кетуі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Айдаушы құбыр желісінің диаметрін арттыру.</li> <li>Айдау құбыр желісіне шығару клапанының жанына лүпіл дефмферін орнату.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қоршаған орта температурасы талап етілетін мәннен төмен. <i>14.1 Техникалық сипаттамалар</i> бөлімін қар.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қоршаған орта температурасын талап етілетін мәнге дейін ретке келтіру.</li> </ul>
 Қысым датчигі (Ескерту)	<ul style="list-style-type: none"> <li>FlowControl шығын датчигінің кабелі бүлінген (12-сур. қар.)</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ашалық ағытпаны тексеру. Егер қажет болса, кабельді алмастыру.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ақаулы датчик</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Егер қажет болса, датчикті алмастыру.</li> </ul>
	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысым датчигі қате калибрленген</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысым датчигін дұрыс калибрлеу. <i>11.8.2 Қысым датчигін калибрлеу</i> бөлімін қар.</li> </ul>



«Апат» мезіріндегі дисплей	Ықтимал себеп	Ақаулықтарды жою
 Қазір техқызметкер. (Апаттық сигнал)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысымға қарсылық атаулы қысымнан көптеу</li> <li>Мембрана қате орнатылған</li> <li>Редукторлардың бүлінуі</li> <li>Холла датчигінде ақаулықтар</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қысымға қарсылықты азайту.</li> <li>Мембрананы дұрыс орнату.</li> <li>Grundfos сервистік орталығымен хабарласыңыз.</li> </ul>
<b>BUS</b> Шинадағы қателік (Апаттық сигнал)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Fieldbus шинасы бойынша байланыс қателігі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кабельді сәйкестілік пен бүліну бойынша тексеру, қажет болған жағдайда, алмастыру.</li> <li>Трассаны және кабельдің қорғаныс қабығын тексеру; қажет болған жағдайда түзету.</li> </ul>
<input type="checkbox"/> CIU (Апаттық сигнал)	<ul style="list-style-type: none"> <li>CIU блогының қате қосылуы</li> <li>CIU блогы ақаулы</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ашалық ағытпаны тексеру.</li> <li>Қажет болған жағдайда CIU блогын алмастырыңыз.</li> </ul>
 Кабель бүлінген (Апаттық сигнал)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Аналогтік кабельдегі ақау 4 - 20 мА (тұтынылушы тоқ &lt; 2 мА)</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кабельдің/ашалық ағытпаның қосылыстарын тексеру және егер қажет болса, алмастыру.</li> <li>Сигнал датчигін тексеру</li> </ul>
 Мембранадан су ағу (Апаттық сигнал)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Мембрананың бүлінуі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>12.6 Мембрананың бүлінуі бөлімін қар.</li> <li>Мембрананы алмастыру 12.4 Техқызметкөрсетуді орындау бөлімін қар.</li> </ul>
 Қызып кету (Апаттық сигнал)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Электрлі қозғалтқыш қызып кетті</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қоршаған орта температурасын төмендету.</li> <li>Сорғыны қозғалтқыш суығанша дейін тоқтата тұрыңыз.</li> </ul>
 Жақында техқыз-ту (Ескерту)	<ul style="list-style-type: none"> <li>Техқызметкөрсетуге үшін уақыт келді</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Техқызметкөрсетуді орындау. 12.4 Техқызметкөрсетуді орындау бөлімін қар.</li> </ul>

\* Теңшеулерге байланысты болады

## 15.1.2 Жалпы ақаулықтар

Ақаулық	Ықтимал себеп	Ақаулықтарды жою
Мөлшерлеу шығыны тым жоғары	Кірістегі қысым қысымға қарсылықтан жоғары	Айдаушы жаққа қосымша серіппелі клапанды (шамамен 2 бар) орнату. Қысымның түсіп кетуін арттыру.
	Қате калибрлеу	Сорғыны калибрлеуді орындау. <i>10.5 Сорғыны калибрлеу</i> бөлімін қар.
Мөлшерлеу жоқ немесе мөлшерлеудің тым шығыны	Мөлшерлегіш бастиекте ауа бар	Сорғыдан ауаны шығару.
	Мембранада ақаулықтар	Мембрананы алмастыру <i>12.4 Техқызметкөрсетуді орындау</i> бөлімін қар.
	Құбыр желілеріндегі су ағу/ бұзылу	Құбыр желілерін тексеру және жөндеу.
	Клапандардан су ағу немесе бітелуі	Клапандарды тексеріңіз және оларды жууыңыз.
	Клапандар қате орнатылған	Клапан корпусындағы тілдердің орналасуы ағынның бағытымен сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз. Барлық бекіткіш сақиналардың дұрыс орнатылғандықтарын тексеріңіз.
	Сорғыш құбыр желісінің бітелуі	Сорғыш құбыр желісін тазалау/сүзгі орнату.
	Сору биіктігі тым үлкен	Сору биіктігін азайту. Соруды жеңілдетуші керек-жарақты орнату. <i>SlowMode</i> атқарымын белсендіру. <i>11.6 Баяу режим (SlowMode)</i> бөлімін қар.
	Тұтқырлығы тым үлкен	<i>SlowMode</i> атқарымын белсендіру. <i>11.6 Баяу режим (SlowMode)</i> бөлімін қар. Диаметрі үлкен құбыр желісін қолдану. Айдаушы жаққа серіппелі клапанды орнату.
	Сорғының көрсеткіші калибрлеу мәндерінің шегінен асып кеткен	Сорғыны калибрлеуді орындау. <i>10.5 Сорғыны калибрлеу</i> бөлімін қар.
	Деаэрациялық клапан ашық	Деаэрациялық клапанды жабу
Тұрақсыз мөлшерлеу	Клапандардан су ағу немесе бітелуі	Клапандарды тартып бекіту, қажет болған жағдайда оларды алмастыру. <i>12.4 Техқызметкөрсетуді орындау</i> бөлімін қар.
	Қысымға қарсылықтың ауытқуы	Тұрақты қысымға қарсылықты қолдау. «AutoFlowAdapt» (тек DDA-FCM) белсендіру.
Мөлшерлегіш бастиектегі ағызу саңылауынан сұйықтық ағуда	Мембранада ақаулықтар	Сорғыны қуат беру көзінен тез арада ажырату. <i>12. Қызмет көрсету</i> бөлімін және әсіресе <i>12.6 Мембрананың бүлінуі</i> бөлімін қар.
Сұйықтықтың ағуы	Мөлшерлегіш бастиектің бұрандалары жеткіліксіз түрде күшті тартылмаған	Бұрандаларды тартып бекіту <i>8.2 Гидравликалық қосылыстар</i> бөлімін қар.
	Клапандар жеткіліксіз тығыз тартылған	Клапандарды/ілмекті сомындарды тартып бекіту. <i>8.2 Гидравликалық қосылыстар</i> бөлімін қар.
Сорғы сормайды	Сору биіктігі тым үлкен	Сору биіктігін кеміту, қажет болған жағдайда кіріс жолында оңтайлы арынды құру.
	Тым жоғары қысымға қарсылық	Деаэрациялық клапанды ашу.
	Клапандар лайланған	Қондырғыны жуу, қажет болған жағдайда клапандарын алмастыру. <i>12.4 Техқызметкөрсетуді орындау</i> бөлімін қар.

## 16. Керек-жарақтар

SMART Digital XL DDA сорғыларымен келесі керек-жарақтарды бірлесіп қолдану мүмкін болады:

- Резервуар,
- Электр араластырғыш,
- Бүйірлік жүктеме түсіру құрылғысы,
- Айдаушы жақтағы лүпіл демпфері,
- Сақтандырғыш клапан,
- Қысымды ұстау клапаны,
- Айдаушы жақтағы лүпіл демпфері,
- Инжекциялық клапан.

## 17. Бұйымды кәдеге жарату

Құрал күйінің негізгі шектік шарттары:

1. жөндеу немесе алмастыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдалануды экономикалық жөнсіздікке әкеліп соқтыратын жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуге кететін шығындарды арттыру.

Бұл бұйым, сонымен бірге тораптары мен бөлшектері экология саласындағы жергілікті заңнама талаптарына сәйкес жиналып, жоюылуы керек.

## 18. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

Grundfos Holding A/S концерні,  
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro,  
Дания\*

\* нақты өндіруші ел жабдықтың фирмалық тақтайшасында көрсетілген.

Өндірушінің уәкілетті тұлғасы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ  
143581, Мәскеу облысы,  
Истринский ауданы, Лешково, 188-үй.

Еуразиялық экономикалық одақ аумағында импорттаушылар:

«Грундфос Истра» ЖШҚ  
143581, Мәскеу облысы,  
Истринский ауданы, Лешково, 188-үй;  
«Грундфос» ААҚ  
109544, Мәскеу қ., Школьная көш., 39-41, 1 құр.;

«Грундфос Қазақстан» ЖШС  
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,  
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жыл болады.

Тағайындалған қызметтік мерзімі аяқталғаннан кейін, жабдықты пайдалану аталған көрсеткішті ұзарту мүмкіндігі жөнінде шешім қабылдағаннан кейін жалғаса алады. Тағайындалған қызметтік мерзіміне жеткеннен кейін - жабдықты аталған Нұсқаулықтың талаптарынан ерекшеленетін басқа тағайындау бойынша пайдалануға шешім қабылдауға рұқсат етілмейді.


Жабдықтың қызметтік мерзімін ұзарту жөніндегі жұмыстар адамдардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны қорғауға арналған қауіпсіздік талаптарын төмендетпей заңнамаға сәйкес жүргізілуі керек.

---

Техникалық өзгерістердің болуы ықтимал.

## 19. Қаптаманы жою жөніндегі ақпарат

Grundfos компаниясымен қолданылатын қаптаманың кез келген түрінің таңбалауы туралы жалпы ақпарат



Қаптама тағам өнімдеріне тигізуге арналмаған

Қаптау материалы	Қаптау/қосалқы қаптау құралының атауы	Қаптау/қосалқы қаптау құралы әзірленетін материалдың өріптік белгіленуі
Қағаз бен картон (гофрленген картон, қағаз, басқа картон)	Қораптар/жәшіктер, салымдар, төсемелер, салмалар, торлар, бекіткіштер, толтырма материал	 PAP
Сүректер мен ағаш материалдары (ағаш, тығын)	Жәшіктер (ағаш талшықты тақталардан жасалған шере және тақтай), табандықтар, торламалар, алынбалы ернеулер, тақталар, бекіткіштер	 FOR
(тығыздығы төмен полиэтилен)	Жабындар, қаптар, таспалар, пакеттер, ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер	 LDPE
Пластик (тығыздығы жоғары полиэтилен)	Бекіткіш төсемелер (таспалы материалдардан жасалған), оның ішінде ауа-көпіршікті таспа, бекіткіштер, толтырма материал	 HDPE
(полистирол)	Аралық қабаттар пенопласттан жасалған тығыздағыштар	 PS
Біріктірілген қаптама (қағаз және картон/пластик)	«Скин» түрлі қаптама	 C/PAP

Қаптаманың жөне/немесе қосымша қаптау құралының таңбалауына назар аударыңыз (қаптамаға/қосымша қаптау құралына белгілейтін дайындаушы зауыт).

Қажет болғанда Grundfos компаниясы ресурстарды үнемдеу және экологияны қорғау мақсатында пайдаланылған буманы жөне/немесе қосымша қаптау құралын қайта пайдалануы мүмкін.

Өндіруші шешімімен қаптама, қосымша қаптау құралы және олардан дайындалған материалдар ауыстырылуы мүмкін. Нақты ақпаратты осы Төлқұжат, Құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулық ішіндегі «Өндіруші. Жарамдылық мерзімі» бөлімінде көрсетілген дайын өнімді шығарған өндірушіден сұраңыз. Сұрау кезінде өнім нөмірін және жабдықты өндіруші елді көрсету керек.

**1 қосымша.****Сорғының қауіпсіздігі жөніндегі мағлұмдама**

Сорғыны жөндеуге немесе техникалық қызмет көрсетуге қайтару кезінде бұл парақты көшіріп алыңыз, толтырыңыз және жазыңыз және сосын оны сорғыға бекітіңіз.

Назар  
ударыңыз

**Мағлұмдама орыс тілінде толтырылады.**

Өдепкі белгі  
(фирмалық тақтайшаны қар.) \_\_\_\_\_

Үлгі (фирмалық тақтайшаны қар.) \_\_\_\_\_

Мөлшерленуші орта \_\_\_\_\_

**Ақаулықтардың сипаттамасы**

Өтінеміз, схемада сорғының бүлінген бөліктерін белгілеңіз.

Электр немесе атқарымдық ақаулықтар болған жағдайда корпусты белгілеңіз.



Өтінеміз, кеткен қатені/қатенің себебін қысқаша сипаттаңыз.

---



---



---



Мөлшерленуші сұйықтық, мүмкін, сорғының корпусына келіп түсті.  
Сорғы қуат беру көзіне қосылмаған болу керек! Жарылыс қаупі!

Осы арқылы біз сорғының тазаланғанын және химиялық, биологиялық және радиоактивті заттардан толықтай босатылғанын мәлімдейміз.

\_\_\_\_\_

Күні мен қолтаңбасы

\_\_\_\_\_

Компанияның мөрі

## Информация о подтверждении соответствия

**RU**

Насосы DDA сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01118  
срок действия до 20.11.2019 г.

Выдан органом по сертификации  
«ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ»

ООО «Ивановский Фонд Сертификации»,  
аттестат аккредитации

№ РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г.,  
выдан Федеральной службой по  
аккредитации; адрес:

153032, Российская Федерация,  
Ивановская обл., г. Иваново,  
ул. Станкостроителей, дом 1;

телефон: (4932) 23-97-48,

факс: (4932) 23-97-48.

Принадлежности, комплектующие изделия,  
запасные части, указанные в сертификате  
соответствия, являются составными частями  
сертифицированного изделия и должны  
быть использованы только совместно с ним.

Информация о подтверждении соответствия,  
указанная в данном документе, является  
приоритетной.

**KZ**

DDA сорғылары Кедендік одақтың  
«Төменвольтты құрылғының қауіпсіздігі»  
(ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен жабдықтар  
қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011),  
«Техникалық құралдардың электромагнитті  
үйлесімділігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық  
регламенттердің талаптарына сәйкест  
сертификацияланған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01118  
қызметтік мерзімі 20.11.2019 ж. дейін.

«Сертификаттың Иванов Қоры»  
ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ»

сертификация бойынша органымен берілген,  
20.06.2014 ж. № РОСС RU.0001.11АИ30

аккредитациясының аттестаты, аккредитация  
бойынша Федералды қызметпен  
берілген, мекен-жай:

153032, Ресей Федерациясы,  
Ивановская обл., Иваново қ.,  
Станкостроитель көшесі, 1-үй;

телефон: (4932) 23-97-48,

факс: (4932) 23-97-48.

Сәйкестік сертификатында көрсетілген керек-  
жарақтар, құрамдас құралдар, қосалқы  
бөлшектер сертификатталған құралдың  
құрамдас бөлшектері болып есептеледі және  
тек сәйкес пайдаланылуы керек.

Аталған құжатта көрсетілген сәйкестікті растау  
туралы мәліметтер басымдықты болып  
табылады.

По всем вопросам обращайтесь:

---

**Российская Федерация**

ООО Грундфос  
109544, Москва,  
ул. Школьная, д. 39-41, стр. 1  
Тел.: +7 (495) 564-88-00,  
+7 (495) 737-30-00  
Факс: +7 (495) 564-88-11  
E-mail:  
grundfos.moscow@grundfos.com

**Республика Беларусь**

Филиал ООО Грундфос в Минске  
220125, г. Минск,  
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,  
БЦ «Порт»  
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73  
Факс: +7 (375 17) 286-39-71  
E-mail: minsk@grundfos.com

**Республика Казахстан**

Грундфос Қазақстан ЖШС  
Қазақстан Республикасы,  
KZ-050010, Алматы қ.,  
Көк-Төбе шағын ауданы,  
Қыз-Жібек көшесі, 7  
Тел.: +7 (727) 227-98-54  
Факс: +7 (727) 239-65-70  
E-mail: kazakhstan@grundfos.com











be think innovate

---

<b>99261639</b> 1217
----------------------

ECM: 1210021
--------------

© Copyright Grundfos Holding A/S

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

[www.grundfos.com](http://www.grundfos.com)

**GRUNDFOS** 